



Тұрақты даму туралы есеп



«KEGOC» акционерлік қоғамы

2017

Мазмұны

Басқарма төрағасының сөйлеген сөзі	02
Есеп туралы	04
Есепті жасау қағидаттары	04
Мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл және маңыздылықты бағалау	05
Маңыздылық матрицасы	07
Жалпы ақпарат	08
Қызмет географиясы	10
«KEGOC» АҚ құрылымы	12
Өндірістік қызмет	15
Электр энергиясын жеткізу	16
Техникалық диспетчерлендіру	17
Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру туралы	17
Инвестициялық қызмет	20
ҒЗТҚЖ	21
Корпоративтік басқару	22
Акционерлердің жалпы жиналысы	24
Директорлар кеңесі және оның Комитеттері	24
Іскери этика	28
Экономика	30
Қоршаған ортаны қорғау	34
Атмосфералық ауаны қорғау	36
Қалдықтарды басқару	37
Су объектілеріне және топыраққа әсер	38
Инвестициялық жобаларды іске асыру барысындағы табиғатты қорғау іс-шаралары	38
Энергия тұтыну	39
Әлеуметтік жауапкершілік	40
Кадр саясаты	41
Персоналды дамыту және оқыту	48
Персоналды мотивациялау және ынталандыру	49
Өндірістік қауіпсіздік	51
Қосымшалар	56
1-қосымша. Негізгі көрсеткіштер	56
«KEGOC» АҚ Тұрақты даму туралы есебінің расталғаны жөніндегі тәуелсіз қорытынды	64
2-қосымша. GRI мазмұн көрсеткіші	66
3-қосымша. БҰҰ ғаламдық шартының қағидаттарының сақтау туралы	74
4-қосымша. Глоссарий	75
Байланыс ақпараты	77

Басқарма төрағасының сөйлеген сөзі



Бақытжан Қажиев

Басқарма төрағасы

Құрметті оқырмандар!

Бұл Тұрақты даму саласындағы есеп «KEGOC» АҚ-ның 2017 жылғы экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бағыттағы қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетуге арналған.

Компания үшін бұл есептік жыл ерекше жыл болып табылады, себебі «KEGOC» АҚ-ға 20 жыл толды. Компанияның даму және қалыптасу тарихы «KEGOC» АҚ-ның еліміздің ең әлеуметтік жауапты компаниялары қатарына жататынын көрсетті. Қазіргі заманда онсыз жоғары нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес.

Қазіргі уақытта «KEGOC» АҚ еліміздің басты электр желілік компаниясы болып табылады және Қазақстан Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің Жүйелік операторы бола отырып, отандық экономикада маңызды стратегиялық рөл атқарады.

Компанияның өндірістік қызметінің ерекшеліктері оған көптеген мүдделі тұлғалар тобы алдындағы айырықша жауапкершілікті жүктейді. «KEGOC» АҚ 2025 жылы әлемдік деңгейдегі Компания және өңірлік ауқымдағы электр энергетикасы саласындағы құзырет орталығы болу жөніндегі өзінің стра-

тегиялық мақсатын сенімді түрде жүзеге асыруда. Осы мақсатта «KEGOC» АҚ Ұзақ мерзімді даму стратегиясында Қазақстан БЭЖ-нің сенімді жұмыс істеуін, компанияның тұрақты қаржылық жағдайы мен тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі стратегиялық бағыттар айқындалған. Тұрақты даму жөніндегі стратегиялық мақсат адами ресурстарды басқару жүйесін жетілдіруді, қоршаған ортаға деген қамқорлықты, кәсіби қауіпсіздік жүйесін жетілдіруді қамтиды. SML желісі сенімділігі көрсеткіштерінің мәні мен WWP пайызы жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері бойынша электр энергетикалық желілердің осындай шетелдік жүйелік операторларының сенімділік мәні деңгейіне сәйкес келеді.

2017 жылы «KEGOC» АҚ қызметінің көлемі орташа алғанда 9%-ға артты. Компания өте жоғары қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізді. Компанияның акциялары өтімділігінің жоғары болуымен және тұрақты өсуімен көзге түсті. Олардың құны 2017 жылғы қараша айында

ең жоғарғы деңгейге жетіп, бір акцияға 1 434 теңгені құрады. Бұл орналастыру бағасынан тіпті үш есеге артық.

Компания «Нұрлы-Жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2018 жылы аяқталады деп жоспарланған «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік транзитінің 500 кВ ӘЖ-сін салу» ірі салалық инфрақұрылымдық жобасын іске асыруды жалғастырды.

«KEGOC» АҚ басқалардың қатарында тиімді әкімшілік етуді құруды, қолайлы инвестициялық жағдайды қалыптастыру мен инновациялық технологияларды ендіруді қолдауды, барлық деңгейдегі қызметкерлерді ынталандыру және өндірістік процестерге қатыстыруды көздейтін Бизнесіні трансформациялау бағдарламасын табысты іске асыруда. Сонымен қатар қызметті реформалау және технологияларды дамыту ең алдымен еңбек жағдайы мен адам өмірін жақсартуға бағытталуы тиіс. Осылайша, 2017 жылы Компанияның жаңа ұйымдық құрылымы бекітілді, қызметкерлерді жаңа лауазымдық позицияларға бекіткен кезде меритократия қағидаттары енгізілді.

Ең маңыздысы бұл Бизнесіні трансформациялау бағдарламасын іске асыру процесі персоналға қойылатын талаптарды арттырып, оны бұдан әрі дамуға ынталандырады. Біз бұл жү-

мысты жалғастыратын боламыз. Біз төрт жыл ішінде 2017 жылы 88%-ды құраған тұрақтылық рейтингі бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобында алдыңғы қатарда келе жатқанымызға қуаныштымыз.

Корпоративтік басқару рейтингі 2017 жылы BB деңгейінде бағаланды, бұл компанияның мақсаттарына сай келеді және барлық маңызды аспектілерде корпоративтік басқару деңгейінің «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқарудың озық тәжірибелеріне негізделген Диагностикалау әдістемесінде белгіленген өлшемдердің басым көпшілігіне сәйкес келеді.

Экологиялық менеджмент бағыттарының бірі ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде экологиялық қауіпсіздік басымдылығын есепке алу болып табылады.

«KEGOC» АҚ қызметінің әлеуметтік құрауышы әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға, соның ішінде еңбек қауіпсіздігін мүлтіксіз қамтамасыз ету мен қызметкерлердің денсаулығын сақтауға бағытталған.

2018 жылы Компания желінің қол жеткізілген сенімділік көрсеткіштерін сақтап, бұдан әрі арттыруға, тұрақты даму басымдықтарын есепке ала отырып, тиімділікті арттыруға, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, акционерлік капиталдың кірістілігін, тұтынушылардың қызмет сапасына, ал қызметкерлердің еңбек жағдайлары мен мотивациялау жүйесіне қанағаттану деңгейін арттыруға, бір сөзбен айтқанда Компаниямен жүзеге асырылатын өзара іс-қимылдың барлық кезеңдерінде стейкхолдерлер үшін қолайлы жағдай жасауға ниетті.

Есеп туралы

«KEGOC» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы 2017 жылғы есебі (бұдан әрі – Есеп) саны бойынша (2009 жылдан бастап) тоғызыншы болып табылады және Компанияның жыл сайынғы қаржылық емес есептемесін жыл сайын шығару тәжірибесі жалғасуда. **(102-52)** «KEGOC» АҚ-ның бұған дейінгі тұрақты даму саласындағы 2016 жылғы есебі 2017 жылғы маусымда жарияланған болатын. **(102-51)** Компанияның барлық есептері «KEGOC» АҚ-ның ресми сайтында орналастырылған.

Бұл есеп GRI Стандарттарына сәйкес дайындалған: Негізгі нұсқасы Компанияның 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы тиісті қызметін сипаттайды. **(102-54, 102-50)** Сонымен қатар, бұл есепте Компания 2013 жылдан бастап мүшесі болып табылатын БҰҰ Ғаламдық шартының қағидаттарына «KEGOC» АҚ-ның берілгенін растайтын ақпарат бар.

«KEGOC» АҚ Есепте берілген ақпараттың GRI стандарттарына сәйкестігін растау үшін 2011 жылдан бастап сыртқы тәуелсіз тарапты конкурстық негізде тартуда. Компанияның және 2017 жылғы Есепті куәландыруды жүзеге асыратын ұйымның ара-

сындағы қарым-қатынастар шартты болып табылады. Есепті куәландыру дәрежесі – шектеулі. Жарияламастан бұрын есепті «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекітеді. **(102-56)**

Есептің шегі алдыңғы Есеппен салыстырғанда өзгермеді: «KEGOC» АҚ Есепті жалпы корпоративтік деңгейде дайындады: Есепте ұсынылған деректер «KEGOC» АҚ-ның еншілес ұйымдары – «Энергоинформ» АҚ және «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС-ның деректерін қамтиды. **(102-49)**

«KEGOC» АҚ-ның шоғырландырылған қаржылық есептемесінің толық нұсқасымен (ЕҰ қоса алғанда) Компанияның www.kegoc.kz сайтында танысуға болады. **(102-45)**

Бұл Есепте көрсетілген жоспарларға қатысты кез келген ақпарат болжамды сипатта берілген және «KEGOC» АҚ-ның болашақтағы оқиғаларға қатысты күнделікті көзқарасын көрсетеді, «KEGOC» АҚ бизнесіне, қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелеріне, даму стратегиясы мен өтімділігіне қатысты қандай да бір тәуекелдерге, екіұштылық пен жол берушіліктерге бейім.

Есепті жасау қағидаттары

Есепті дайындаған кезде Компания мынадай қағидаттарды ұстанады:

Маңыздылық – «KEGOC» АҚ Есепке Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға тигізетін маңызды әсерін көрсететін тақырыптарды енгізеді. «KEGOC» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы ашып көрсетуге арналған өте өзекті тақырыптарды айқындау үшін маңыздылыққа, соның ішінде электр энергетикасы саласындағы сыртқы және ішкі стейкхолдерлер мен сарапшылар сауалнамасы негізінде маңыздылыққа талдау жүргізілді.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл – Компания «Байланыс ақпараты» бөлімінде көрсетілген электрондық почта мен телефондар арқылы болатын хабарламалар мен жарияланымдарды қоса алғанда, әртүрлі арналар арқылы тұрақты даму саласындағы есептерді жариялау нәтижелері бойынша кері байланыс алып отырады.

Тұрақты даму мәнін – Есептегі мәліметтер экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрауыштарды қоса алғанда, «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген тұрақты даму мәнін мәнінде берілген. «KEGOC» АҚ Ұзақ мерзімді даму стратегиясында тұрақты даму саласындағы мақсаттар, міндеттер, негізгі бастамалар мен стратегиялық ҚНҚ

айқындалған, 2017 жылы оларға қол жеткізу туралы ақпарат осы Есепке енгізілген.

Толықтығы – Есеп саланың ерекшелігін есепке ала отырып, экономикаға, қоршаған орта мен қоғамға барлық айтарлықтай әсерлері бойынша барлық «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдарының, «Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы» (ЖО ҰДО) филиалының, Атқарушы дирекцияның, еншілес ұйымдардың (ЕҰ) қызметтері туралы ақпараттан тұрады. Ақпараттың қайталануын болдырмау үшін бірқатар жағдайларда Тұрақты даму саласындағы есепте Компанияның 2017 жылғы жылдық есебіне, «KEGOC» АҚ интернет-сайтына немесе қолжетімді жария құжаттарға сілтеме жасалады.

Төңкерімділік – Есепте «KEGOC» АҚ қызметі нәтижелілігінің оң және теріс тақырыптары көрсетілген. Есепте ашып көрсетілген жекеленген көрсеткіштер соңғы үш жылдағы динамикамен берілген.

Салыстырмалылық – Есеп GRI стандарттарына сәйкес дайындалған, бұл мүдделі тұлғаларға «KEGOC» АҚ қызметін басқа ұйымдардың қызметтерімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Дәлдік пен сенімділік – Есепте ұсынылған ақпарат Есептің экономикаға қатысты бөлімдерін дайындаған кезде құжатпен

расталған деректер негізінде жинақталды, ҚЕХС-қа сәйкес жасалған аудиттелген қаржылық есептемелер пайдаланылды.

Уақтылық – Есеп жоспарлы сипатта дайындалған, есептік жылдан кейінгі жылдың екінші тоқсанында жарияланады.

Айқындылық – «KEGOC» АҚ Есептің көптеген мүдделі тұлғалардың кең ортасында қолжетімді болуына тырысады.

Мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл және маңыздылықты бағалау

«KEGOC» АҚ мүдделі тұлғалардың (стейкхолдерлердің) топтарын айқындады, олармен тұрақты ашық диалог жүргізеді және «KEGOC» АҚ тұрақты дамуы саласындағы қызметіне

қатысты ақпаратты ашады. Компания Стейкхолдерлердің картасын, олармен коммуникация жоспарын бекітті.

Стейкхолдерлер	Өзара байланыс қағидаттары	Өзара байланыс арналары
Акционерлер	Компанияның акционерлермен өзара іс-қимыл жөніндегі қызметі «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде және Жарғысында бекітілген акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.	Компанияның жылдық және аралық есептемесін жариялау, акционерлердің жалпы жиналыстарын, инвестициялық қауымдастықпен кездесулер өткізу. 2017 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде акционерлерден «KEGOC» АҚ және оның лауазымдық тұлғаларының іс-қимылдарына қатысты шағымдар түспеді. (102-44)
Қаржыландырушы топтар	Компания инвесторларға қатысты өз қаржылық міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындайды және өзара сенімге негізделген ұзақ мерзімді өзара іс-қимылға ұмтылады.	Компанияның жылдық және аралық есептемесін жариялау, мерзімдік есептемені ХҚИ-ға және ХҚИ делегацияларының сапарлары, сұратулары, кездесулері, миссиясы бойынша ақпаратты қаржы қаражаттарын тарту арқылы орындалатын жобаларды іске асыру барысын бақылау үшін жіберу, ақпаратты веб-сайтта орналастыру.
Билік органдары және бақылаушы органдар	«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасының стратегиялық объектісі және табиғи монополиялар субъектісі бола отырып, мемлекет алдындағы өз жауапкершілігін түсінеді, құқықтық және этикалық міндеттемелерді орындауға, сонымен қатар заңнама нормаларын сақтауға тырысады.	Тұрақты есептемені, құқықтық актілерді, бағдарламалық және салалық құжаттарды әзірлеуге қатысу, жұмыс кездесулері, сұратуларға жауаптар, жедел кеңестер.
Кәсіби және сараптамалық ұйымдар, қоғамдық ұйымдар, БАҚ	«KEGOC» АҚ интеграцияны тереңдету тетіктеріне және Қазақстан Республикасы мен одан тысқары жерлердегі электр энергетикасын дамытудың үйлестірілген стратегиясын әзірлеуге назар аударып отырып, халықаралық, өңірлік және республикалық салалық ұйымдардың мүшесі мен қатысушысы болып табылады. Компания жеделдік, шынайылық, қолжетімділік және теңгерімділік қағидаттарына сүйене отырып, өзара іс-қимыл мен ақпаратты ашу есебінен БАҚ-та бедел капиталы мен оң имиджін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.	Электр энергетикалық ұйымдардың қызметіне, бағдарламалық және салалық құжаттар мен бастамаларды әзірлеуге белсенді қатысу, инвестициялық жобалар бойынша қоғамдық тыңдалымдарды өткізу; қызмет туралы ақпаратты веб-сайтта, БАҚ-та ашып көрсету, сұратуларға жауаптар, брифингтер, баспасөз конференцияларын өткізу.

Стейкхолдерлер	Өзара байланыс қағидаттары	Өзара байланыс арналары
Жеткізушілер	Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуы жүзеге асыру кезінде Компания мына қағидаттарға негізделді: сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы; сапалы тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алу; барлық әлеуетті жеткізушілерге мүгедектер ұйымдарын қолдаған жағдайда бірдей мүмкіндіктер ұсыну; әлеуетті жеткізушілер арасында адал бәсекелестік; қабылданатын шешімдерді бақылау және жауапкершілік; сатып алу процесіне делдалдардың қатысуын барынша азайту.	Шарттық міндеттелемелерді орындау, жеткізушілерді бағалау. Тендерлік құжаттамалардың жобаларын әлеуетті жеткізушілермен алдын ала талқылау, сатып алу қызметі туралы хабардар ету.
Тұтынушылар	Компанияда тұтынушыға назар аудару қағидаты ендірілген және сақталады, тұтынушылардың талаптарын айқындау және орындау тетігі құрылып, қамтамасыз етілген.	Тұтынушылардың қанағаттануын бағалау, көпшілік тыңдалымдар, тұтынушыларға жыл сайынғы есеп, тұтынушылармен кездесулер, қатысу өңірлері бойынша бос қуаттарға қол жеткізу рәсімі мен болуын веб-сайтта жариялау.
Персонал	Компания өз қызметкерлерін құрметтейді және бағалайды, персоналдың қажеттілігі мен мұқтажықтарын назарға алады, персонал үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын, еңбекақы мен әлеуметтік жеңілдіктерді төлеудің лайықты деңгейін, кәсіби оқыту мен дамуды қамтамасыз етуге тырысады.	Менеджменттің ұжыммен өткізетін жыл қорытындысы мен алдағы жылға арналған жоспарлар бойынша есептік кездесулері, қызметкерлердің өзекті мәселелер бойынша пікірін сұрау, ішкі портал арқылы ақпарат беру және кері байланыс, қызметкерлердің әлеуметтік тұрақтылығы мен қатыстырылу деңгейі рейтингін жыл сайын зерттеу, Омбудсмен институты, «қызу желі».
Еншілес ұйымдар	Компания корпоративтік басқарудың тиімді тетіктеріне негізделген еншілес ұйымдарды теңгерімді дамытуға тырысады.	Өзара іс-қимыл корпоративтік рәсімдер шеңберінде өткізіледі. «KEGOC» АҚ ЕҰ басқару органдарында өкілдер арқылы басқаруды жүзеге асырады, ЕҰ қызметіне әдіснамалық қолдау көрсетеді.
Шектес мемлекеттердің энергия жүйелері	Қазақстан Республикасы мен шектес мемлекеттердің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету үшін Компания Ресей Федерациясымен және Орталық Азия елдерімен өзара пайдалы және тиімді ынтымақтастыққа ұмтылады.	Тұрақты негізде кездесулер өткізу (ОА ҰЭК, ТМД Электр энергетикалық кеңесі, Еуразиялық экономикалық одақ және басқалар), энергия жүйелері жұмысының режимдері мен нормативтік құжаттаманы келісу.

[102-40, 102-42,102-43]

Компания Есепте мүдделі тұлғалар үшін өзекті және маңызды ақпаратты көрсетуге тырысады. Есепті әзірлеу үшін «KEGOC» АҚ Есепте ашып көрсетілетін тақырыптардың маңыздылығына талдау жүргізді. Маңызды тақырыптарды айқындаған кезде Компанияны басқару ерекшеліктерін, Компанияның экономикалық тиімділігі, адам құқығын сақтау, Компанияның қоғамға және экологияға әсері мәселелерін қамтитын барынша толық тізім салалық ерекшелік есепке алына отырып, қаралды. Сонымен бірге Есепте ашу үшін барынша өзекті тақырыптарды айқындау үшін сырттағы стейкхолдерлерге 5 баллдық шкала бойынша сауалнама-бағалау жүргізілді: «KEGOC» АҚ қызметтерін тұтынушылар – 40 ұйым, сарапшылар – 36 сұхбаткер және ішкі стейкхолдерлер – Компания қызметкерлері – 283 адам. Стейкхолдерлерге жүргізіл-

ген сауалнама нәтижесі негізінде маңыздылық матрицасы құрылды, бұл матрица «KEGOC» АҚ қызметінің стейкхолдерлерді қызықтыратын негізгі тақырыптар туралы нақты түсінік береді, сонымен қатар ішкі және сыртқы мүдделі тұлғалар үшін іріктелген тақырыптардың маңыздылығындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Әрбір тақырыпқа стейкхолдерлер үшін маңыздылық дәрежесіне қарай орташа балл берілді.

Құрамына «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының төрағалық етуімен барлық басқарушы директорлар кіретін «KEGOC» АҚ тұрақты даму және біріктірілген менеджмент жүйесі жөніндегі үйлестіру кеңесіндегі (бұдан әрі – Үйлестіру кеңесі) талқылау нәтижелері бойынша маңыздылық матрицасында бақылау сызығынан жоғары тұрған тақырыптар ашып көрсету үшін басым және міндетті болып танылды. **[102-46]**

Маңыздылық матрицасы



«401 Жұмыспен қамту» тақырыбы маңыздылық матрицасына сәйкес ашу аймағына кірмейтініне, бірақ Компания қызметкерлері үшін маңызды және «KEGOC» АҚ үшін басым болуына байланысты, Үйлестіру кеңесі аталған тақырыпты Есепте ашып көрсетуге арналған тізбеге енгізді. Сонымен қа-

тар, «Жүйенің тиімділігі» экономикалық тақырыбының EU12 және «Қол жетімділік» әлеуметтік тақырыбының EU28, EU29 GRI G4 салалық стандартының көрсеткіші Есепте ашу үшін маңызды болып айқындалған болатын. **(102-44)**

Тақырыптар тізімі: **(102-47)**

Экономикалық тақырыптар:

201 Экономикалық нәтижелілік
202 Нарықтарға қатысу
205 Жемқорлыққа қарсы күрес
EU8 ҒЗТҚЖ

Экологиялық тақырыптар:

302 Энергия
307 Экологиялық талаптарға сәйкестік

Әлеуметтік тақырыптар:

401 Жұмыспен қамту
403 Денсаулық және қауіпсіздік
404 Оқыту және білім беру
416 Тұтынушы денсаулығы мен қауіпсіздігі
419 Әлеуметтік-экономикалық талаптарға сәйкестік
EU21 Апаттар/төтенше жағдайлар бойынша
іс-қимылдар жоспары және соларға қарай әрекет ету

2016 жылғы Есепте ашып көрсетілген тақырыптармен (аспектілермен) салыстырғанда, стейкхолдерлер сауалнамасының нәтижелері бойынша, «Энергия», «ҒЗТҚЖ», «Тұтынушы денсаулығы мен қауіпсіздігі» тақырыптары маңызды бо-

лып белгіленген, ал «Жанама экономикалық әсерлер», «Су», «Шығарындылар», «Алуан түрлілік және теңдей мүмкіндіктер» тақырыптары 2017 жылғы Есепте ашу үшін маңыздылығын тоқтатты. **(102-49)**



Жалпы ақпарат

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «KEGOC» АҚ) Қазақстан Республикасы Ұлттық электр торабын басқаратын компания болып табылады және Қазақстан Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің Жүйелік операторы дәрежесі берілген. **[102-1]**

2006 жылға дейін «KEGOC» АҚ-ның 100 % акциялары мемлекеттің меншігінде болды. 2006 жылы мемлекеттік акциялар пакеті (100%) «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ-ның орналастырылатын акцияларын төлеуге табыс етілді. 2008 жылы «Қазына» Тұрақты даму қоры» мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік қоғамдарын біріктіру жолымен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік қоғамының құқығын иеленуші болып табылатын «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы құрылды.

2014 жылғы 18 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ) еншілес және бағынысты ұйымдарының акциялар пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасын іске асыру шеңберінде Компанияның 25 999 999 дана жарияланған жай акциялары жазылым жүргізу жолымен Қазақстан қор биржасында орналастырылды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның жарияланған және орналастырылған жай акцияларының саны – 260 000 000 дана, оның ішінде 234 000 001 акция (90% плюс бір акция) «Самұрық-Қазына» АҚ атынан ірі акционерге, 25 998 609 акция (9,9995%) миноритарлық акционерлерге тиесілі, қалған 1 390 дана акцияны (0,0006%) «KEGOC» АҚ сатып алды. **[102-5]**

Заңды мекенжайы: Z00T2D0, Астана қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59-ғимарат. **[102-3]**

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің (БЭЖ) Жүйелік операторы бола отырып, мынадай негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру. **[102-2]**

Жоғарыда көрсетілген қызмет түрлері табиғи монополиялар саласына жатады, соған байланысты «KEGOC» АҚ қызметі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

«KEGOC» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. **[102-4]** Компанияның құрылымына 9 «Жүйеаралық электр тораптары» (ЖЭТ) филиалы және Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы (ЖО ҰДО) филиалы кіреді. ЖЭТ филиалдары филиалды жедел басқару аймағында жүйелік қызмет көрсетеді. ЖО ҰДО Қазақстан Республикасы БЭЖ-ін орталықтан жедел диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады. Орталықтан жедел-диспетчерлік басқару ЖО ҰДО-ға ЖЭТ филиалдарының құрылымдық бөлімшелері болып табылатын 9 өңірлік диспетчерлік орталықтың (ӨДО) тікелей жедел бағыну схемасы бойынша ұйымдастырылған. **[102-6]** «KEGOC» АҚ Басқармасы 2016 жылғы 29 желтоқсанда «KEGOC» АҚ Алматы қаласындағы Өкілдігінің жұмысын тоқтату туралы шешім қабылдады. Өкілдікті тарату әділет органдарында 2017 жылғы 2 наурызда мемлекеттік тіркеуден өтті. **[102-10]**

ӘЖ ҰЗЫНДЫҒЫ

25 707,248

КМ (ТІЗБЕКТЕР БОЙЫНША)

78

ҚОСАЛҚЫ ЭЛЕКТР
СТАНЦИЯСЫ



«KEGOC» АҚ-ның құрылымы. Филиалдар

Ақмола ЖЭТ	Ақтөбе ЖЭТ	Алматы ЖЭТ
10 ҚС 8136,6 МВА ӘЖ 4230,086км	7 ҚС 2425,5 МВА ӘЖ 967,39км	11 ҚС 4229,35 МВА ӘЖ 3550,853км
Шығыс ЖЭТ	Батыс ЖЭТ	Сарыбай ЖЭТ
6 ҚС 3694,5 МВА ӘЖ 1525,75км	5 ҚС 950 МВА ӘЖ 1681,5км	8 ҚС 6569,9 МВА ӘЖ 2443,525км
Солтүстік ЖЭТ	Орталық ЖЭТ	Оңтүстік ЖЭТ
8 ҚС 3520,6 МВА ӘЖ 3624,651км	10 ҚС 3741,6 МВА ӘЖ 3482,19км	13 ҚС 3392 МВА ӘЖ 4201,303км

«KEGOC» АҚ «Энергоинформ» АҚ мен «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС-ның бас компаниясы болып табылады. «Энергоинформ» АҚ ҰЭТ жабдықтарына қызмет көрсетуді және Компания жұмысына телекоммуникациялық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС 2013 жылы жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) секторына инвестицияларды ынталандыру және барлық ЖЭК (өздері үшін аталған қолдау схемасы таңдап алынды) объектілерінен тіркелген тарифтер бойынша электр энергиясын орталықтан сатып алуды мемлекет тарапынан кепілдендіру арқылы Қазақстанның энергия балансында ЖЭК-ті пайдалану үлесін арттыру мақсатында құрылды.


Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ 2015 жылы «Солтүстік Қазақстан-Ақтөбе облысының өңіраралық электр жеткізу

желісін салу» жобасын іске асыру үшін құрылған «Батыс транзит» АҚ-ның серіктес құрылтайшысы (акцияларының 20%-ы) болып табылады.


ЖЭТ филиалдары туралы нақты мәліметтер «KEGOC» АҚ сайтында «Компания туралы» бөлімінде берілген. [\(102-7\)](#)

31.12.2017ж. жай-күй бойынша «KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдарының балансында габариті 0,4-1150 кВ, жалпы ұзындығы 25 707,248 км (тізбектер бойынша) 363 әуелік электр жеткізу желісі және трансформаторларының белгіленген қуаты 36 660,05 МВА болатын кернеуі 35-1150 кВ 78 қосалқы электр станциясы (ҚС) бар. Олар электр энергиясының трансшекаралық ағындарын қамтамасыз ету, электр станцияларынан электр энергиясын жеткізу және өңірлік электр энергетикалық компаниялар мен ірі тұтынушылар арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін қызмет етеді. [\(102-6\)](#)

«KEGOC» АҚ ӘЖ-нің ұзындығы, км



«KEGOC» АҚ қосалқы станцияларының саны мен қуаты



EU1, EU4

«KEGOC» АҚ мына ұйымдарға қатысушы болып табылады:

- **«Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі** («ҚЭҚ» ЗТБ), негізгі міндеттері мыналар: қызметі электр энергетикасы саласымен тікелей немесе басқа түрде байланысты барлық ұйымдарға қолдау көрсету; электр энергетикасы саласына қатысты мемлекеттік бағдарламаларды, заңдар мен нормативтік актілерді әзірлеуге қатысу; сала мүдделері үкіметтің, сот және басқа да органдардың шешімдеріне байланысты мәселелерде өз мүшелерінің ұстанымдарын қолдау және қорғау;
- **«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетикалық кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі** («KazEnergy» ЗТБ), негізгі мақсаты: Қауымдастық мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік органдарда қорғау, заңнамалық базаны үйлестіру; жер қойнауын пайдаланушылар, электр энергиясын өндірушілер, электр энергетикасы саласының өнімдері мен қызметтерін тасымалдаушылар мен тұтынушылар үшін біртұтас ақпарат құру; жергілікті, өңірлік

және халықаралық деңгейде сала ішіндегі ынтымақтастық пен кәсіпкерлік жобаларды дамыту мен қолдау; Қауымдастықтың, оның мүшелері мен жалпы алғанда саланың оң имиджін өңірлік және ғаламдық деңгейде тарату; қазақстандық қоғамдастықтың экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және ғылыми-техникалық белсенділігін ынталандыру;

- **«Атамекен» Қазақстан Республикасының ҰКП**, Қазақстан Республикасы Үкіметімен және мемлекеттік органдармен бизнестің келіссөздік күшін нығайту үшін құрылды;
- **Қазақстан электр қуаты резервтерінің пулы (ЭҚР-ПУЛЫ)**, қызметінің негізгі мақсаты шарттық негізде Қазақстан Республикасында өндіруші қуат пен электр жеткізу желілері кенеттен істен шыққан жағдайда тұтынушы-құрылтайшыларды энергиямен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету үшін қуат резервтерін беру болып табылады;
- **Бәсекелестікті және тауар нарықтарын дамыту қауымдастығы** – кәсіпкерлік қызметті үйлестіру, сонымен

қатар мемлекеттік органдарда, өкімет құрылымдарында, халықаралық және қоғамдық ұйымдарда бәсекелестік пен тауар нарықтарын дамыту мәселелері бойынша жалпы мүдделерді білдіру және қорғау үшін заңды тұлғаларды бастапқыда біріктіретін коммерциялық емес ұйым. Бұл ұйымға кіру Компанияға «KEGOC» АҚ мүдделерінде монополияға қарсы заңнамаға қажетті өзгерістер енгізуге бастама жасауға және оны ілгерілетуге мүмкіндік береді. Қауымдастықтың жұмыс нәтижелері бұл нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу және оларды әзірлеуге қатысу, тәжірибе алмасу үшін халықаралық үкіметтік емес байланыстарды дамыту, семинарлар, конференциялар, «дөңгелек үстелдер» және басқа да іс-шаралар өткізу, бәсекелестік пен кәсіпкерлікті дамытуға көмектесу, монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтың алдын алу болып табылады.

- **Қазақстан Салық төлеушілер қауымдастығы** – салық төлеушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға көмектесу, салықтарды ерікті және уақтылы төлеуді қамтамасыз ету үшін олардың білім деңгейін арттыру мақсатында құрылған коммерциялық емес ұйым. Қауымдастық өзекті мәселелерді, қауымдастық мүшелерінен келіп түскен салық салу саласындағы ұсыныстар мен ескертулерді жүйелендіреді және талдайды. Толығымен жүргізілетін жұмыс нәтижелері бұл дөңгелек үстелдер, конференциялар, форумдар мен жұмыс топтары шеңберінде мүдделі министрліктердің өкілдері мен салық төлеушілер арасында жүргізілетін сұхбат, сонымен қатар ҚР заңнамасына салық салу мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар кешені болып табылады.

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ шекаралас елдермен тиімді электр энергетикалық нарық құруға көмектесу және халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында мынадай халықаралық салалық ұйымдардың жұмысына тұрқты түрде қатысып отырады:

- ТМД Электр энергетикалық кеңесі (ЭЭК);
- Кернеуі жоғары үлкен электр жүйелері бойынша халықаралық кеңес (Conseil International des Grands Réseaux Électriques – CIGRE);
- Еуразия экономикалық одағы (Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы);
- Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңес;
- EURELECTRIC қауымдастығы;
- Әлемдік энергетикалық кеңес жанындағы Атқарушы Ассамблея (WEC);
- БҰҰ Еуропа Экономикалық Комиссиясы;
- Орталық Азияның Үйлестіру электр энергетикалық кеңесі (ОА ҰЭК). [\(102-13\)](#)

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ БҰҰ Ғаламдық шартының қағидаттарын – адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау, жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына берілгендігі бойынша негізін қалаушы халықаралық бастамалардың бірін қолдайды және ұстанады.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын мүлтіксіз сақтау жөніндегі міндеттемелерден басқа 2008 жылдан бастап ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001, ал 2015 жылдан бастап ISO /EAC 27001 халықаралық стандарттары талаптарына сәйкес біріктірілген менеджмент жүйесін (БМЖ) ендіру және сертификаттау жөнінде өзіне ерікті түрде бастама қабылдады. Сертификаттау саласы бұл жүйелік қызмет көрсету, қолданылу саласы бұл филиалдар мен ЕҰ-ны қоса алғанда, бүкіл Компания болып табылады. [\(102-12\)](#)

Өндірістік қызмет


«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «KEGOC» АҚ Жүйелік оператор бола отырып, нарыққа қатысушылардың барлығының электр энергиясы нарығына еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Ұлттық электр торабына қосылу «Электр желілік қағидалар» мен «Электр энергиясын пайдалану қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады. «KEGOC» АҚ электр энергиясы нарығының барлық субъектілерінің Ұлттық электр торабына қол жеткізуі үшін теңдей жағдайлармен қамтамасыз етеді. ҰЭТ-қа қол жеткізу тәртібі туралы Компанияның ресми сайтындағы «Біздің қызмет» бөлімінде толық баяндалған.

«KEGOC» АҚ қызметін тұтынушылар заңды тұлғалар: энергия өндіруші, энергия жеткізуші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, өнеркәсіптік кәсіпорындар болып табылады. **(102-6)**

2017 жылы жасалған шарттарға және тұтынушылардың өтінімдеріне сәйкес көтерме сауда нарығының субъектілеріне толығымен жүйелік қызметтер көрсетілді. 2016 жылдан ауысқан және 2017 жылы жасалған тұтынушыларға қызмет көрсету, электр энергиясын сатып алу-сату шарттары мен келісімдерінің жалпы саны мынаны құрады:

Шарттар	Саны
өңіраралық деңгейдегі желілер арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша	237
электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша	93
электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру бойынша	250
резервтік электр қуатын жеткізу және беру бойынша	1
ысыраптарды өтеу үшін және шаруашылық қажеттіліктеріне арналған электр энергиясын сатып алу бойынша	13
қуатты реттеу қызметтерін сатып алу бойынша	2
электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жопардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында РФ-дан электр энергиясын сатып алу бойынша	1
электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жопардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында РФ-ға электр энергиясын сату бойынша	1
«ФСК ЕЭС» ЖАҚ үшін электр энергиясын жеткізу (транзит) жөнінде қызмет көрсету бойынша	1
«Ўзбекэнерго» АҚ үшін қуатты (жиілікті) реттеу жөнінде қызмет көрсету бойынша	1
«Батыс транзит» АҚ-дан ысыраптарға электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтерді сатып алу бойынша	1
жоспардан тыс электр энергиясын сатып алу бойынша	1
жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын («НЭС Кыргызстана» ААҚ-дан) сатып алу бойынша	2
жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын («НЭС Кыргызстана» ААҚ үшін) сату бойынша	2
Барлығы	606

Тұтынушылардың санаттары бойынша негізгі қызмет саласындағы шарттардың саны




Электр энергиясын жеткізу

Ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтердің нақты көлемі 2017 жыл нәтижесі бойынша 42 737,3 млн.кВт•сағатты құрады, бұл 2016 жылғы көрсеткіштерден 3 523,8 млн.кВт•сағатқа немесе 9,0%-ға жоғары. Былайша артудың негізгі себебі бұл электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін қызмет көлемінің өсуі, сонымен қатар экспортталатын электр энергиясы көлем-

дерінің өсуі болып табылады.

2017 жылы «KEGOC» АҚ мен «ФСК ЕЭС» ЖАҚ арасында Ресей Федерациясы – Қазақстан Республикасы – Ресей Федерациясы бағыты бойынша «KEGOC» АҚ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу (транзит) жүзеге асырылды. Көрсетілген қызметтердің көлемі 1 981,2 млн.кВт•сағ. құрады, бұл 2016 жылға қарағанда 1 649,3 млн.кВт•сағатқа төмен.

«KEGOC» АҚ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу, млрд.кВт•сағ




Техникалық диспетчерлендіру

Электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтердің нақты көлемі 2017 жылдың нәтижелері бойынша 93 610,0 млн.кВт•сағ. құрады, бұл 2016 жылғы көрсеткіштерден 7 871,4 млн.кВт•сағатқа

немесе 9,2%-ға жоғары, бұл өңірлік, сонымен қатар республикалық маңызы бар энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын өндіруінің артуына байланысты.

Техникалық диспетчерлендіру, млрд.кВт•сағ.




Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру

Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру бойынша қызметтердің нақты көлемі 2017 жылғы нәтижелер бойынша 174 534,7 млн.кВт•сағ. құрады, бұл 2016 жылғы көрсет-

кіштерден 12 918,7 млн.кВт•сағатқа немесе 8,0%-ға жоғары, бұл Қазақстан Республикасы көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру мен тұтыну көлемінің жалпы өсуімен негізделген.

Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру, млрд.кВт•сағ



Халықаралық шарттардың шеңберінде «KEGOC» АҚ шекара маңындағы мемлекеттердің энергия жүйелерімен электр энергиясын сатып алу-сату бойынша операцияларды жүзеге асырады.

Осылайша, 2017 жылы «KEGOC» АҚ мына мақсаттарда электр энергиясын сатып алды:

- Қазақстан БЭЖ мен Ресей БЭЖ шекарасындағы электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында 1 020,4 млн.кВт•сағ. көлемінде (соның ішінде: «Интер РАО» ЖАҚ-дан (Ресей Федерациясы) және ішкі энергия көздерінен – «Экибастузская ГРЭС-1» ЖШС, «МАЗК Казатомпром» ЖШС, «Батыс Пауэр» ЖШС);
- Қазақстан БЭЖ мен Қырғызстан энергия жүйесі арасындағы жопардан тыс электр энергиясы ағындарын реттеу үшін 8,9 млн.кВт•сағ. көлемінде («НЭС Кыргызстана» ААҚ-дан);
- Қазақстан БЭЖ-ден Қырғызстан энергия жүйесіне электр энергиясының жоспардан тыс ағындарын реттеу мақсатында 7,7 млн.кВт•сағ. көлемінде (соның ішінде: «Экибастузская ГРЭС-1» ЖШС мен «AES Шульбинская ГЭС» ЖШС-дан).

2017 жылы «KEGOC» АҚ электр энергиясын сатуды жүзеге асырды:

- Қазақстан БЭЖ мен Ресей БЭЖ шекарасындағы электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында 1 020,4 млн.кВт•сағ. көлемінде («Интер РАО» ЖАҚ үшін);
- Қазақстан БЭЖ мен Қырғызстан энергия жүйесі арасындағы электр энергиясының жоспардан тыс ағындарын реттеу үшін 7,7 млн.кВт•сағ. көлемінде («НЭС Кыргызстана» ААҚ үшін). (102-7)

Ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсарту үшін «KEGOC» АҚ «Жүйелік қызмет көрсетуді және тұтынушылардың наразылықтарын басқару» ішкі стандартын әзірледі, осыған сай жүйелік қызметтерді тұтынушылардың барлығына кем дегенде жарты жылда бір рет сауалнамалар жіберіледі. Сауалнамаға соның ішінде Компания қызметкерлерінің жұмыс деңгейін, ұсынылатын іскери және техникалық ақпараттың шынайылығын, тұтынушылардың өтініштері бойынша жұмыстардың жеделдігін, жүйелік қызметтердің сапасын, ЭДО

жедел-диспетчерлік басқару бөлігіндегі жұмысының сапасын бағалау және «KEGOC» АҚ көрсететін қызметтердің сапасын арттыру бойынша ұсыныстар беру жөніндегі өтініш кіреді. Келіп түсетін жауаптар көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру нысанына талданылады. 2017 жылы тұтынушылардың қанағаттану дәрежесін орташа жылдық бағалау бес балдық шкала бойынша 4,61 баллды құрады. (102-44) Тұтынушылардың қанағаттану дәрежесі берілген деңгейде тұр. Жақсартуларды талап ететін өлшемдер бойынша тиісті шаралар қабылдануда. (102-43)


Компания жыл сайын реттелетін қызметтерді (тауарлар, жұмыстар) ұсыну бойынша өз қызметі туралы тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалар алдында тыңдалымдар түрінде есеп береді, олардың мақсаты тұтынушылар құқығын қорғау жүйесін күшейту, Компания қызметінің айқындығын қамтамасыз ету болып табылады. Жыл сайынғы есептерді жүргізудің негізгі қағидаттары бұл Компания қызметінің жариялығы, ашықтығы және тұтынушылар мүдделері теңгерімін сақтау болып табылады. Осылайша, 2017 жылғы 20 сәуірде «KEGOC» АҚ тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалар алдында Компанияның 2016 жылғы қызметі туралы жария тыңдалымды ұйымдастырды.

Компания көрсетілетін жүйелік қызметтердің Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкестігін жүйелі негізде бағалап отырады. 2017 жылы қызмет көрсетуге қатысты заңнама мен нормативтік талаптарды бұзу орын алды: Компания «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бұзғаны үшін, инвестициялық бағдарламаны және реттелетін қызметтердің тарифтік сметаларын орындамағаны; төлем тәртібі бөлігінде бекітілген үлгі шарттарға сәйкес келмейтін негізгі қызмет бойынша шарттарды жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Қазақстан Республикасы ҰЭМ ТМР және БпентКҚ қаулысына сәйкес «KEGOC» АҚ-ға 10,891 млн.теңге сомасында әкімшілік айыппұл салынды. (419-1)


Қазақстан Республикасы үшін электр энергетикасының маңызы зор, себебі еліміздің металлургия және мұнай мен газ өндіру сияқты негізгі салалары жоғары энергия сыйымдылығымен сипатталады. Сәйкесінше, Қазақстан өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігі және халықтың тіршілік ету сапасы көп жағдайда тұтынушыларды энергиямен сенімді және сапалы жабдықтауға байланысты. Желінің сенімділік деңгейін бағалау үшін Компания қалыпты салалық көрсеткіштерді қолданады:

SAIDI

SAIDI (System Average Interruption Duration Index – ажыратудың орташа ұзақтығы) – орташа алғанда жүйедегі бір жылда болған бір ажыратуды сипаттайды.

**SAIFI**

SAIFI (System Average Interruption Frequency Index – бұзылыстардың жүйеде пайда болуының орташа жиілігі) – тұтынушыларды электрмен жабдықтау үзілістерінің орташа жиілігін сипаттайды.



EU28, EU29

Байқалып отырған SAIDI көрсеткіштерін жасқарту үдерісі және SAIDI ҰЭТ-тың сенімділігін арттыру үшін Компания қабылдаған іс-шаралардың нәтижесі болып табылады.

Желінің сенімділігі деңгейін бағалау үшін Компанияда SML (System Minutes Lost – жүйелік минуттардың ысырабы) және WWP (Percentage of Work Without Problems – жүйенің ауытқу-

сыз жұмысы уақытының пайызы) индикаторлары белгіленген. SML көрсеткішінің мәні 2017 жылы 1,04 минутты құрады, ал WWP – 98,99% және Компания стратегиясын жаңалау шеңберінде жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері бойынша электр энергетикалық жүйелердің аналогтық жүйелік операторларының сенімділігі мәндерінің деңгейіне сәйкес.

Инвестициялық қызмет

Тиімділікті арттыру, технологиялық ысыраптарды азайту, ҰЭТ жұмыс істеу сенімділігін және Компания тораптарының өткізу қабілеттерін арттыру мақсатында Компания инвестициялық жобаларды іске асыруды белсенді түрде жалғастыруда. 2017 жылы күрделі қаржы салымдары 65,4 млрд. теңге (соның ішінде кредит үшін капиталдандырылатын сыйақылар – 10,8 млрд. теңге) мөлшерінде жоспарланған кезде 57,6 млрд. теңге (соның ішінде кредит үшін капиталдандырылатын сыйақылар – 5,1 млрд. теңге) игерілді. Жоспарланған жұмыс көлемдерін орындау кредит үшін капиталдандырылатын сыйақыларды есепке алмағанда 96,3%-ды құрады.

2017 жылы 107,6 млрд. теңге жалпы сомасына инвестициялық жобаларды іске асыру жалғастырылды, соның ішінде: «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік транзитінің 500кВ ӘЖ-сін салу» жобасының 500 кВ Шүлбі ГЭС (Семей)-Ақтоғай-Талдықорған-Алма желісін салу («Нұрлы-Жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша) және «Павлодар энергия торабының Қазақстан БЭЖ-мен байланысын күшейту». Екі жыл ішінде 500 кВ Шүлбі ГЭС (Семей)-Ақтоғай-Талдықорған-Алма желісін салу жобасы бойынша 883 км құрайтын жалпы ұзындығының 544 км, соның ішінде 2017 жылы 380 км салынды.

Сонымен қатар, 500 кВ «Талдықорған» және «Ақтоғай» ҚС-ны салу және 500 кВ «Семей» және «Алма» ҚС-ны кеңейту бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары орындалды. 110 кВ Павлодар ҚС-да «Павлодар энергия торабының Қазақстан БЭЖ-мен байланысын күшейту» жобасы бойынша қуаты 125 МВА болатын екі 220кВ автотрансформатор орнатылды.

2017 жылы ағымдағы өндіріс деңгейін қолдау мақсатында күрделі қаржы салымдары бойынша 5,3 млрд. теңге сомасындағы жоспарлы сома 100 %-ға игерілді.

2017 жылы «KEGOC» АҚ Ғылыми-техникалық кеңесі «KEGOC» АҚ Ақтөбе ЖЭТ, Сарыбай ЖЭТ, Батыс ЖЭТ филиалдарының «ҰЭТ-ты қалпына келтіру» жобасының ТЭН-ін әзірлей отырып, 220-500 кВ ӘЖ-нің техникалық жай-күйін тексеру және бағалау» ТЭН-ін мақұлдады. Жоба географиялық жағынан Қостанай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында орналасқан 26 жоғары вольтті әуе желілерінде іске асырылады, олар географиялық жағынан Қостанай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында орналасқан.

Жобаның мақсаты:

- ресурсты кем дегенде 30 жылдық перспективаға ұзарту;
- электр энергиясын жеткізу талаптарын жақсарту;
- ӘЖ бойынша берілетін қуаттың ұйғарынды деңгейлерін арттыру және ысыраптарды азайту.

Объектілердің техникалық жағдайын бағалау, желілердің ажыратылу себептерін талдау жүзеге асырылды, техникалық қорытынды, электр энергетикалық саладағы озық технологияларға шолу жасалды және ӘЖ-ні қалпына келтіру нұсқалары ұсынылды.

2018 жылы «KEGOC» АҚ 2015-2019 жылға арналған «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын «500 кВ Шүлбі ГЭС (Семей)-Ақтоғай-Талдықорған-Алма ӘЖ-ні салу» жобасы бойынша жұмыстарды аяқтауды және «ҰЭТ-ты қалпына келтіру» жобасын іске асыруды жалғастыруды қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

ҒЗТҚЖ

Соңғы жылдары электр энергетикасы саласында Компанияны дамыту және оның ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін ҒЗТҚЖ жүргізу қажеттілігі мен маңыздылығы бойынша орнықты түсінік қалыптасады. Электр энергетикалық сала консервативтік сала болып табылады: негізгі жабдықтың қызмет көрсету мерзімі бірнеше он жылдықты құрайды, технологияларды жаңалау уақытының ұзақтығымен сипатталады және өтелімділік мерзімдері көп елеулі инвестицияны талап етеді. Сонымен қатар, басқа салалардан айырмашылығы электр энергетикалық сектор компаниялары ҒЗТҚЖ-ның төменгі деңгейімен сипатталады. Сонымен де ҒЗТҚЖ басқару барлық жетекші халықаралық электр энергетикалық компаниялардың тиімді өсуін қамтамасыз ету үшін маңызды құрал болып табылады.

Өзінің дамуы үшін ҒЗТҚЖ-ның маңыздылығын түсіне отырып, «KEGOC» АҚ құрылған кезден бастап, Компанияның Ұзақ мерзімді даму стратегиясының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған ҒЗТҚЖ өткізумен айналысады.

Мыналар ҒЗТҚЖ ұйымдастырудың негізгі мақсаттары болып табылады:

- олардың Компанияның технологиялық дамуы үшін басымдылығы мен өзектілігін есепке ала отырып, ҒЗТҚЖ жасау мен жоспарлау процестерін құру, жүйелендіру және дамыту;
- ғылыми-техникалық өнімді әзірлеуге және пайдалануға байланысты процестердің өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз ету;
- ҒЗТҚЖ нәтижелерін өндірістік бизнес-процестердің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін ендіру.

Компаниядағы ҒЗТҚЖ басқару жөніндегі қызмет «KEGOC» АҚ тапсырысы бойынша орындалатын ҒЗТҚЖ ұйымдастыру, жоспарлау, есепке алу, бақылау, орындау және қабылдауға бірыңғай талаптар қоятын «Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру қағида-сымен» реттеледі. ҒЗТҚЖ ғылыми-техникалық міндеттердің басым бағыттарынан бастап нәтижелерін Компанияның тәжірибелік жұмысында қолданудың нақты әсерін бағалау және есепке алуға дейінгі әзірлеменің барлық өмірлік циклін қамтитын процесс ретінде қарастырылады.

«KEGOC» АҚ үшін өзекті міндеттердің бірі бұл электр желілері арқылы жеткізген кезде электр энергиясының ысырабын азайту болып табылады. Электр желілері арқылы тасымалдау кезінде электр энергиясының ысырабы немесе технологиялық шығыны ажырамас физикалық құбылыс болып табылады. Электр энергиясының технологиялық шығынының құрамдас бөлігінің бірі бұл «тәжге» жұмсалатын ысырап болып табылады. «Тәжге» жұмсалатын ысырап электр жеткізу желілері сымдарының сыртындағы тәждік разрядтың салдары болып табылады, электр өрісінің кернеуіне тәуелді және сондықтан кернеуі 220-500кВ және одан жоғары жоғары вольтты желілерде байқалады. «KEGOC» АҚ желісіндегі 220-500кВ желісінің ұзындығы 24 мың км құрайды. Сәйкесінше, «KEGOC» АҚ желісіндегі электр энергиясы ысырабының жалпы құрылымындағы «тәжге» жұмсалатын ысыраптың үлесі айтарлықтай және ауа-райы жағдайларына байланысты 20-30%-ды құрайды.

«KEGOC» АҚ ысыраптарды азайту бойынша мәселелерді шешу үшін 2017 жылы 74,6 млн.теңге жалпы сомасына:

- «Қазақстан ҰЭТ-та электр энергиясының «тәжге» жұмсалатын ысырабын азайту бойынша техникалық-экономикалық зерттеу» жұмысы «NURIS» ЖМ («Назарбаев университет» АҚ ғылыми бөлімшесі) тарту арқылы жалғасуда. Аталған жұмыс шеңберінде «KEGOC» АҚ 500кВ желісінде «тәжге» жұмсалатын ысырапты электр жеткізудің жоғары вольтты әуе желілері сымдарының сыртын өңдеуге арналған технологияларды қолдану арқылы азайту мүмкіндігі зерттеледі;
- «Инженерный центр «ОРГРЭС» ААҚ-мен (Ресей Федерациясы) бірлесе КАОК бар ЭЖЖ-де электр энергиясы ысырабын азайту бойынша ғылыми-техникалық жұмыс басталды. Жұмыстың мақсаты бұл электр энергиясының жоғары ысырабы айқындалған Ж-5170 Екібастұз – Ағадыр және Ж-5320 Ағадыр – ОМАЭС найзағайдан қорғайтын арқансымға кіріктірілген оптикалық кабельмен (КАОК) жабдықталған «KEGOC» АҚ 500 кВ ЭЖЖ-де электр энергиясының ысырабын азайту себептерін анықтау және негізделген шараларды әзірлеу болып табылады.

(EУ8)



Корпоративтік басқару

«KEGOC» АҚ алдына әлемдік жетекші компаниялар деңгейіне жету жөнінде мақсат қоя отырып, корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша толыққанды жұмысты жалғастырады:

- акционерлердің құқықтарын тиімді іске асыру;
- теңгерімделген тиімді дивиденд саясаты;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасы қызметінің тиімділігі;
- мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімді жүйесі мен тұрақты дамуы;
- мүдделі тараптарға Компания туралы ақпаратты тиісінше ашып көрсету;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру.

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитет

Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет

Басқарма

(102-18)

Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы «KEGOC» АҚ жоғары органы болып табылады және өз қызметін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қоғамның Жарғысына және «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. 2017 жыл ішінде «KEGOC» АҚ Акционерлердің жалпы жиналысын екі рет өткізді:

2017 жылғы 12 мамырда Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілді, онда:

- акционерлердің «KEGOC» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне қатысты шағымдары мен оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралды;
- жылдық қаржылық есептеме, таза кірісті бөлу тәртібі бекітілді, «KEGOC» АҚ 2016 жылғы жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу және бір жай акциясына есептегенде дивидендтер мөлшері туралы шешім қабылданды,
- Жарғы жаңа редакцияда қабылданды,
- «KEGOC» АҚ бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында сатып алған кезде акциялардың құнын

анықтау әдістемесі» жаңа редакцияда бекітілді,

- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерін іріктеу және тағайындау қағидалары, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидалары жаңа редакцияда бекітілді.

2017 жылғы 26 қазанда Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді, онда:

- аралық қаржылық есептеме, таза кірісті бөлу тәртібі бекітілді, «KEGOC» АҚ 2017 жылғы бірінші жарты жылдықтағы жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу және бір жай акциясына есептегенде дивидендтер мөлшері туралы шешім қабылданды;
- «KEGOC» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ережеге өзгерістер бекітілді;
- 2017-2019 жылдар аралығындағы кезеңге шоғырландырылған негізде «KEGOC» АҚ қаржылық тұрақтылығының бастапқы және нысаналы мәндері белгіленді;
- «KEGOC» АҚ Жарғысына толықтырулар бекітілді.

Директорлар кеңесі және оның комитеттері

«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінә сәйкес Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде Компанияның мүддесі үшін және барлық акционерлерге әділ көзқарас пен тұрақты даму қағидттарын есепке ала отырып, тәуелсіз, дұрыс және тиімді шешім қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білімдер теңгерімі сақталуы тиіс. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрмында тәжірибе, жеке мінездеме мен гендерлік құрамы бойынша әралуандық қамтамасыз етілген. Директорлар кеңесінің құрамына төрт тәуелсіз аудитор кіреді, бұл қабылданатын шешімнің тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділ көзқарасты қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің мүшелерін Акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскери дәрежесі мен кәсіби тәжірибесін есепке ала отырып, ай-қын және ашық рәсімдер негізінде тағайындайды.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 28 қаңтар аралығында «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына мына директорлар кірді: Директорлар кеңесінің төрағасы К.Бектеміров, Басқарма төрағасы Б.Қажиев, тәуелсіз директорлар А.Спицын, Л.Сутера, Д.Фаш, Я.Бялек.


«KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2016 жылғы 28 қазандағы шешімімен (№ 5 хаттама) акционерлерге деген әділ көзқарасты есепке ала отырып,

Директорлар кеңесінің теңгерімделген құрамын қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесі 8 (сегіз) адамнан тұратын жаңа құрамда құрылды:

Бектеміров Қуаныш Әбдіғалиұлы – «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, ірі акционер «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі, 1970 жылы туылған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Еуразия Экономикалық Қоғамдастығының интеграциялық проблемаларды стратегиялық зерттеу институтының директоры, 1939 жылы туылған, Рескй Федерациясының азаматы. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитетінің төрағасы, Аудит жөніндегі комитетінің, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет пен Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитетінің мүшесі болып табылады.

Лука Сутера – тәуелсіз директор, топтың қаржы директоры, Nebras Power (Катар тәуелсіз халықаралық энергетикалық компаниясы) Басқарма мүшесі, 1971 жылы туылған, Италия азаматы. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің, Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің мүшесі.



Доминик Фаш – тәуелсіз директор, «РТФ» ЖШҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, София-Антиполис Технопарк Директорлар кеңесінің мүшесі, Ницца, Франция, 1949 жылы туылған, Франция азаматы. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің, Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің төрағасы, Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитетінің мүшесі.

Януш Биалек – тәуелсіз директор, Сколковский ғылым және технологиялар институты «Сколтеха» зерттеу институтының энергетикалық жүйелер жөніндегі директоры, 1955 жылы туылған, Ұлыбритания, Польша және Солтүстік Ирландия азаматы. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің, Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің, Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі болып табылады.

Тиесов Сүйіншілік Әмірхамзаұлы – «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, ірі акционер «Самұрық-Қазына» АҚ-ның өкілі, 1946 жылы туылған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Егімбаева Жанна Дачерқызы – «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, ірі акционер «Самұрық-Қазына» АҚ-ның өкілі, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-да кеңесші, 1953 жылы туылған, Қазақстан Республикасының азаматы. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитетінің мүшесі болып табылады.

Қажиев Бақытжан Төлеуқажыұлы – «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы, 1964 жылы туылған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Директорлар кеңесінің жергілікті халық (Қазақстан Республикасының азаматтары) арасынан жалданған мүшелерінің үлесі 50%-ды құрайды.

«KEGOC» АҚ ағымдағы қызметіне басшылықты алқалық атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады, ол «KEGOC» АҚ қызметінің басқа органдардың құзыретіне жатқызылмаған мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімдерін белгілеу, Басқарма төрағасы мен мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне жатады және әлеует пен кәсібилікті және құзыреттілікті бағалау айқындығы, дұрыстығы қағидаттарына сүйенеді. «KEGOC» АҚ-ның 2016 жылғы 1 маусымда бекітілген жаңа ұйымдық құрылымға көшуіне байланысты «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 24 ақпандағы шешімімен «KEGOC» АҚ Басқармасының құрамы 6 адам болып бекітілді, олардың 100%-ы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады.

Осылайша, жергілікті халық (Қазақстан Республикасының азаматтары) арасынан жалданған жоғары деңгейлі басшылардың («KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері) жалпы үлесі 69 %-ды құрайды. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасының 2017 жылғы құрамы мен жұмысы туралы толық ақпарат «KEGOC» АҚ-ның 2017 жылғы Жылдық есебінде баяндалған. **(202-2)**

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесінің мүшелері	Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет	Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет	Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет	Аудит жөніндегі комитет
Қ. Бектеміров ірі акционердің өкілі	Директорлар кеңесінің төрағасы			
А. Спицын тәуелсіз директор	Комитет төрағасы			
Л. Сутера тәуелсіз директор				Комитет төрағасы
Д. Фаш тәуелсіз директор			Комитет төрағасы	
Я. Биалек тәуелсіз директор		Комитет төрағасы		
С. Тиесов ірі акционердің өкілі				
Ж. Егімбаева ірі акционердің өкілі				
Б. Қажиев «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы				
Р. Сауранбаев дауыс беру құқығынсыз сарапшы				
С. Сатжан дауыс беру құқығынсыз сарапшы				
Д. Каримов дауыс беру құқығынсыз сарапшы				

2017 жылы Директорлар кеңесінің 9 (тоғыз) күндізгі және 2 (екі) сыртқы отырысы өткізілді, оларда 155 мәселе, соның ішінде тұрақты даму мәселелері бойынша мәселе қаралды және тиісті шешімдер қабылданды:

- жылдық/аралық қаржылық есеп, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу/төлеу және «KEGOC» АҚ бір жай акциясына есептегендегі дивидендтердің мөлшері бойынша ұсыныстар қаралды;
- инвестициялық бағдарламаны, ірі инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі есептер қаралды;
- Жылдық есеп және Тұрақты даму саласындағы 2016 жылғы есеп бекітілді;
- тұрақты даму саласындағы іс-шараларды қамтитын «KEGOC» АҚ-да корпоративтік басқаруды жетілдіру және «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексін ендіру жөніндегі 2017-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді;
- Тәуекелдер тізімі және Картасы, Негізгі тәуекелдерді, тәуекел-тәбетті басқару жоспары бекітілді, сонымен

қатар тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді қамтитын тәуекелдер жөніндегі тоқсандық есеп және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар қаралды;

- «KEGOC» АҚ еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді, Еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі есептер тоқсан сайын қаралды;
- «KEGOC» АҚ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы жаңа редакцияда бекітілді.

Анағұрлым маңызды мәселелерді, соның ішінде тұрақты даму мәселелерін қарау және «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органдары болып табылатын мынадай комитеттер құрылды:

- Аудит жөніндегі комитет;
- Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет;
- Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет.
- Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет.

Директорлар кеңесі комитеттерінің тұрақты даму мәселелері бойынша функциялары

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет	Аудит жөніндегі комитет	Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет
тұрақты даму қағидаттарын ілгерілету	тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді қоса алғанда, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін бақылау	Басқарма және Директорлар кеңесі алдындағы есептілік жүйесін қоса алғанда, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету саясаты мен рәсімдерін қарау
қызметтің басым бағыттарын, стратегиялық жоспарлауды, тұрақты дамуды қоса алғанда айқындау	тұрақты дамуды қоса алғанда, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындауды бақылау	өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және аталған салада мақсаттарға қол жеткізу бөлігіндегі стратегиялық ҚНҚ мониторингі
корпоративтік басқару мен тұрақты дамуды жетілдіру	Компанияның тұрақты даму туралы жылдық есептерін бағалау	ірі технологиялық бұзылыстар, ауыр жағдайға әкелген топтық жазатайым оқиғаларды тексерудің нәтижелерін қарау және қажетті шаралар қабылдау бойынша ұсынымдар дайындау
инвестициялық бағдарламаларды және ірі инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері		Компанияда қабылданаған тәжірибеге, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету саласындағы алдыңғы қатарлы тәжірибеге сәйкестік мәселелері

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет 2017 жылы 8 күндізгі отырыс өткізді, оларда 24 мәселе қаралды, соның ішінде:

- стратегиялық және орта мерзімді жоспарлау мәселелері;
- жоспарлау және инвестициялық жобалар мәселелері;
- тұрақты даму саласындағы және т.б. іс-шараларды қоса алғанда, Корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

Аудит жөніндегі комитет 2017 жылы 10 күндізгі отырыс өткізді, оларда 71 мәселе қаралды, соның ішінде:

- тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді қоса алғанда, Тәуекелдер тізілімі мен картасы;
- тұрақты даму саласындағы іс-шараларды қоса алғанда, негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- тәуекелдер бойынша тоқсандық есептер;
- «KEGOC» АҚ Тұрақты даму жөніндегі 2016 жылғы есебі.

2016 жылдан бастап Директорлар кеңесі жанында экология, еңбек және қауіпсіздік мәселелерін неғұрлым мұқият қарау үшін **Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет** жұмыс істейді. 2017 жылы Комитет 6 отырыс өткізді, оларда 10 мәселе қаралды, соның ішінде:

- «KEGOC» АҚ еңбекті қорғау жүйесін дамыту тұжырымдамасы.
- Еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- «KEGOC» АҚ еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша тоқсандық есебі;

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ өндірістік активтерді басқару жөніндегі басқарушы директордың ҚНҚ ынталандыру картасына «LTIFR» көрсеткішін енгізу жөніндегі ұсыным берілді.

«KEGOC» АҚ-да **Тұрақты даму және біріктірілген менеджмент жүйесі жөніндегі** үйлестіруші кеңес тұрақты негізде қызмет атқарады, оның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- тұрақты даму саласындағы қағидаттарды халықаралық тәжірибеге сәйкес ілгерілету мен сақтауды қамтамасыз ету;
- менеджмент жүйесін құру, қолдау және нәтижелілігін ұдайы жақсарту кезінде тұрақты даму және БМЖ саласындағы басқару мәселелері бойынша жоспарлауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
- тұрақты даму және БМЖ мәселелері бойынша жауапкершілік және өкілеттікті айқындауды қамтамасыз ету;
- «KEGOC» АҚ тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асырудың объективті куәлігін алу;
- тұрақты даму және БМЖ шеңберіндегі ақпаратты әзірлеу және мүдделі тұлғалармен (стейкхолдерлер) ақпарат алмасу процесінің жұмысын қамтамасыз ету;
- тұтынушылардың талаптарын, БМЖ қызмет атқаруы шеңберіндегі заңнамалық және реттеуші талаптарын БМЖ жұмысы шеңберінде айқындауды қамтамасыз ету, сонымен қатар осы талаптарды тұтынушылардың қанағаттануын арттыру үшін орындауды қамтамасыз ету.

[102-18]

Іскери этика

«KEGOC» АҚ қызметі қалыптасатын корпоративтік құндылықтардың негізін қалаушы бұл оның қызметкерлерінің адалдығы, сенімділігі мен кәсібилігі, олардың еңбегінің тиімділігі, өзара қол ұшын беруі, бір-біріне, мүдделі тұрғаларға және жалпы алғанда, қоғамға деген құрметі болып табылады. Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ Іскери этика кодексін бекітті, оған сәйкес Компания іскери этиканың мына қағидаттарын басшылыққа алады: адалдық, өзара сыйластық, сенім, әділдік, адал ниеттілік, ашықтық, жауапкершілік. Іскери этика кодексінде лауазымдық міндеттерді орындау кезіндегі жалпы мінез-құлық нормалары, моральдық-этикалық нормалар, сыбайлас жемқорлыққа және жеке пайданы көздеуге төзбеу айқындалған. Лауазымдық тұлғаларды қоса алғанда, Компанияның барлық қызметкерлерін Іскери этика кодексінің ережелерімен таныстыру жұмысқа қабылдау кезінде, оған өзгерістер енгізген кезде тұрақты түрде жүргізіледі. Іскери этика кодексінің ережелерін білуін тексеру жыл сайынғы міндетті аттестаттаудың тестілік сұрақтарына енеді. 2014 жылы Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ Іскери этика кодексін қызметкерлер мен лауазымдық тұлғалардың сақтауын қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда, оның ережелерін түсіндіру міндеттерінің бірі болып табылатын Омбудсменді тағайындады.

«KEGOC» АҚ барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл кезінде орын алған қайсыбір сыбайлас жемқорлыққа және сыбайлас құқық бұзушылықты жасыруға төзбеу саясатын ұстанады. «KEGOC» АҚ Компанияның лауазымдық тұлғалары мен қызметкерлерінің жемқорлық және басқа да заңға қайшы әрекеттеріне жол бермеу үшін бар күшін жұмсайды. Сыбайлас жемқорлыққа қатысқан лауазымдық тұлғалар мен қызметкерлер жұмыстан босатылады және заңда көзделген тәртіппен жауапкершілікке тартылады. **(102-16)**

Компанияда «KEGOC» АҚ қызметінде Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы және басқа да заңнамасын бұзу тәуекелдерін басқару саясаты қабылданды және қолданылады. Қызметкерлерді қолданыстағы саясаттар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістері туралы хабардар ету тұрақты түрде жүзеге асырылады. «KEGOC» АҚ мүдделі тараптармен олардың жемқорлықпен күрестегі хабардарлығын арттыру үшін сұхбатты дамыту бойынша шараларды қабылдайды. **(205-2)** 2017 жылы Компанияда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының бұзылу фактілері тіркелмеген. **(205-3)**

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілермен жасалған үлгі шарттарға Қазақстан Республикасы заңнамасын, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, салық салу және коммерциялық құпия және басқа да құпия ақпаратты сақтау туралы, сонымен қатар қызмет нәтижесінің

экологияға, экономика мен қоғамға теріс әсерін болдырмауға немесе азайтуға және осындай іс-қимылды тоқтату немесе алдын алу бойынша шаралар қабылдау қажеттілігі туралы ережелер кіреді. «KEGOC» АҚ өкілдері (Құқықтық қамтамасыз ету мәселелеріне жетекшілік ететін Басқарма мүшесі және Компанияның қауіпсіздік қызметінің басшысы) 2017 жылғы 8 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Астана қаласында ұйымдастырған «Қазіргі заманғы жемқорлыққа қарсы стандарттар және халықаралық ынтымақтастықты дамыту» тақырыбындағы халықаралық конференцияға қатысты.

(205-2)

«KEGOC» АҚ қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына, салалық және ішкі ережелерге сәйкестігін қамтамасыз ету Компанияның басым бағыттарының бірі болып табылады. Компания заңнаманы бұзу тәуекелін азайту мақсатында, тұрақты негізде «KEGOC» АҚ қызметінің қолданылатын нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігіне мониторинг жүргізеді. Анықталған сәйкессіздіктер нәтижелері бойынша түзету іс-қимылдары жүргізіледі. Сонымен қатар, Компанияда Ішкі аудит қызметі заңнаманың және нормативтік талаптардың сақталуын бақылау жүйесін бағалайды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ бастамашы ақпарат беру саясатын», сонымен қатар «Самұрық-Қазына» АҚ Тәртіп кодексін» бекітті. «Самұрық-Қазына» АҚ бекітілген саясатына сәйкес тәуелсіз тарап әкімшілік ететін, хабарламалар мына әдістердің бірі немесе бірнәшесі арқылы тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн жіберілетін бірыңғай «қызу желі» іске қосылған:

- 8 800 080 1994 нөмірі бойынша қоңырау шалу (қоңырау терін)
- sk.hotline@deloitte.kz электрондық почтасына хабарлама жіберу
- www.sk.deloitte-hotline.com сайтында «Хабарлама қалдыру» батырмасын басу



Саясатқа сай «қызу желіге» тараптық тәуелсіз компания әкімшілік етеді, олардың міндетіне мыналар кіреді:

- телефон, веб-сайт немесе электрондық почта арқылы түсетін барлық кіріс хабарламаларды алу және өңдеу;
- мүмкін болатын жерлерде алаңдаушылық танытатын тұлғалармен қарым-қатынас және неғұрлым орынды ақпаратты ұсынуға ықпал ету;
- барлық хабарламаларды жіктеу және оларды бұзушылықтарды тексеріп жатқан тұлғаларға жіберу;
- келіп түскен өтініштер бойынша есептерді Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне ұсыну үшін дайындау.

Ішкі аудит қызметі 2017 жылы бірыңғай «қызу желіге» келіп түскен өтініш бойынша бір тексеру жүргізді, Ішкі аудит қызметі жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша тиісті есепті «Самұрық-Қазына» АҚ Комплаенс қызметіне ұсынды.

«KEGOC» АҚ-да бірыңғай «қызу желімен» қатар бұзушылықтар туралы, соның ішінде мына мәселелер бойынша хабарламаларды беру мен қарау механизмі ендірілді:

- қызмет бабын теріс пайдалану;
- парақорлық және сыбайлас жемқорлық;
- «KEGOC» АҚ және ЕҰ қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасы халқының өмірі мен денсаулығына айтарлықтай және белгілі қауіп төндіретін немқұрайлық;
- «KEGOC» АҚ және ЕҰ деректерін/есептемесін бұрмалау айла-шарғылары;
- «KEGOC» АҚ және ЕҰ қаржылары саласындағы, алаяқтық жасауына күдіктенуді қоса алғандағы бұзушылықтар;
- құпия ақпаратты жариялау және инсайдерлік ақпаратты заңсыз тарату;
- Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін, «KEGOC» АҚ және ЕҰ ішкі құжаттарын сақтамау және қасақана бұзу;
- «KEGOC» АҚ және ЕҰ ішкі құжаттарында бекітілген іскери этика нормаларын бұзу;
- жасырын немесе айқын болуы немесе болмауына қарамастан кемсіту немесе қудалау;
- Осы тармақтың 1) -8) тармақшаларында көрсетілген жат мінез-құлық түрлерін жасыру мақсатында қолданылған немесе жасыруға апаратын іс-қимылдар.

Бұзушылықтар туралы хабардар ету қағидасында шағымдар мен өтініштер жіберудің екі тәсілі қарастырылған:

- жазбаша:
 - мына мекенжай бойынша почтамен жіберу арқылы: Z00T2D0, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59, «ҚҰПИЯ» белгісімен;

- электрондық хатты электрондық почта мекенжайына жіберу арқылы;
- корпоративтік порталдағы «Басшының блогы» бөліміне.
- ауызша:
 - телефон қоңырауы арқылы;
 - жеке кездесу кезінде.


KEGOC» АҚ заңға қайшы іс-қимылдары бойынша тиісті шаралар қабылдау үшін мұқият тексеру жүргізеді. Барлық фактілер бойынша өтініш білдірген кезде, өтініш білдіруші тұлғалардың құқықтарына қасам жасалмайды.

2017 жылы 4 өтініш түсті, соның ішінде:

- Компанияның жеткізушілерінен шарт талаптарын болжамды бұзуға қатысты бір өтініш;
- әлеуетті жеткізушілерден сатып алу рәсімдерін жүргізудің болжамды бұзылуына үш өтініш келіп түсті;

2017 жыл ішінде барлық келіп түскен өтініштер өңделіп, реттелді. Сонымен қатар, 2016 келіп түскен 2 өтініш 2017 жылы реттелді. **(102-44)**

2017 жылы адам құқығын сақтауға әсер етуге және қоршаған ортаға әсер етуге байланысты өтініштер келіп түспеді. **(102-44)**



Экономика

«KEGOC» АҚ қызметінің экономикалық құраушының Компанияның өзі үшін де, мемлекет экономикасы үшін де стратегиялық маңызы бар және «KEGOC» АҚ акционерлері мен инвесторлары үшін ұзақ мерзімді құнының өсуіне бағытталған.

Бизнес-жоспар мен бюджеттерді жасау және бекіту рәсімдері (соның ішінде Компания объектілерін салу, қайта құру және жаңғырту бойынша инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған күрделі қаржы салымдары жоспарын қоса алғанда) «KEGOC» АҚ Бизнес-жоспары (Даму жоспары) мен Бюджеттерін әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және мониторингтеу қағидаларымен реттеледі. Бизнес-жоспар шоғырланған түрде, яғни ЕҰ жоспарларын қоса алғанда, 5 жылдық кезеңге жылжымалы негізде әзірленеді. Бизнес-жоспарды іске асыру үшін жылдық бюджеттер бекітіледі. Бизнес-жоспардың орындалуы мониторингін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде негізде жүзеге асырады.

2017 жыл қорытындылары бойынша шоғырландырылған кірістер 178 134,8 млн.теңгені құрады және 2016 жыл көрсеткішімен салыстырғанда 5,6%-ға (немесе 10 581,5 млн.теңгеге) азайды. Негізгі қызметтен түскен кірістер 152 379,8 млн.теңгені құрады. Негізгі қызметтен түсетін кірістердің 17,2%-ға (немесе 22 378,4 млн.теңгеге) өсуі реттелетін қызметтердің тарифтері мен көлемдердің артуына, сонымен қатар «ЖЭК бойынша ҚЕО» ЖШС электр энергиясын сату-сатып алу бойынша операциялар көлемінің артуына негізделген.

Негізгі емес қызметтен түскен кіріс 2017 жылы 25 755,0 млн.теңгені құрады және 2016 жылмен салыстырғанда негізінен оң бағамдық айырмашылықтан түскен кірістің төмендеуі, депозиттермен жасалған операциялар, негізгі құралдардың ақысыз түсуі, сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді берешегінің әділ құны өзгеруі есебінен 56,1%-ға (не-

месе 32 959,8 млн.теңгеге) азайды. Бұл ретте басқа ұйымдардағы үлестік қатысудан (қауымдастық кәсіпорындар түсімінің үлесі), банктердегі қалдықтар бойынша сыйақыдан, сонымен қатар айыппұлдардан, өсімақылардан, шаруашылық қызметі шарттары бойынша тұрақсыздық айыбынан түскен кірістің артуы орын алып отыр.


2017 жылғы шоғырландырылған кірістер 135 493,1 млн.теңгені құрады, бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 11,3%-ға (немесе 17 248,3 млн.теңгеге) төмен. 2017 жылғы сатылған қызметтердің өзіндік құны 89 399,4 млн.теңгені құрады және 2016 жылмен салыстырғанда 12,6%-ға (немесе 10 010,6 млн.теңге) артты, бұл негізінен жаңартылатын энергия көздері өндірген электр энергиясын сатып алу, электр энергиясының технологиялық шығыстары (ысыраптар) бойынша, теңгерімсіздіктерді өтеу мақсатында РФ энергия жүйесінен электр энергиясын сатып алуға, өндірістік персоналға еңбекақы төлеуге, өтемпұлдық есептеулер бойынша шығыстардың артуына негізделген.

2017 жылғы жалпы және әкімшілік шығындар 13 142,4 млн.теңгені құрады, бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 25,5%-ға (немесе 4 498,0 млн.теңгеге) төмен. Төмендеу негізінен резерв бойынша (операциялық қызмет бойынша күмәнді борыштар) шығыстарды қалпына келтірумен, мүлікке, еңбекақы төлеуге, консультациялық, аудиторлық және заң қызметтері бойынша шығыстардың азаюына байланысты.

Басқа да шығыстар 28 180,8 млн.теңгені құрады және 2016 жылмен салыстырғанда 43,0%-ға (немесе 21 258,5 млн.теңгеге) азайды, бұл негізінен бағамдық айырмашылық бойынша шығыстардың азаюымен байланысты.

2017 жыл қорытындысы бойынша 32 881,3 млн.теңге сомасында таза кіріс алынды, бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 19,2%-ға (немесе 5 291,2 млн.теңгеге) жоғары.

**Қаржы-экономикалық көрсеткіштер
динамикасы, млн.теңге**



млн.теңге

	2015	2016	2017
Жалпы капиталдандыру	512 207,15	537 183,03	535 956,40
меншік капиталы	340 976,61	362 084,07	374 167,60
қарыз капиталы	171 230,54	175 098,96	161 788,80
Мемлекеттен алынған қаражат	-	-	-
Құрылған экономикалық құн	167 733,45	188 716,28	178 134,83
негізгі қызметтен түскен кірістер	110 061,46	130 001,43	152 379,82
қаржылық кірістер	4 022,45	6 610,13	4 070,33
басқа да кірістер	53 649,54	52 104,71	21 684,67
Бөлінген экономикалық құн:	186 570,82	167 607,90	165 151,21
еңбекақы бойынша шығыстар	14 425,24	18 166,63	19 074,97
салықтар және мемлекеттік бюджетке міндетті алымдар бойынша шығыстар	3 037,56	16 803,15	16 611,48
капитал жеткізушілеріне төлемдер	15 846,80	12 539,67	24 421,65
қайырымдылық және демеушілік көмек	152,17	-	-
басқа да оперциялық шығындар	64 499,28	70 659,13	76 862,35
басқа да операциялық емес шығындар	88 609,77	49 439,31	28 180,77
Бөлінетін экономикалық құн	-18 837,37	21 108,39	12 983,62

(102-7, 201-1, 201-4)

Тұрақты қаржылық нәтижелік Компанияға стейкхолдерлер алдындағы міндеттемелерін уақытылы және толық көлемде орындауға мүмкіндік береді:

- жалақы төлеу және әлеуметтік қолдау көрсету бойынша;
- акционерлерге дивидендтер төлеу бойынша;
- инвестициялық жобаларды іске асыру және ҰЭТ жұмысының сапасы мен сенімділігін арттыру бойынша;
- жеткізушілермен уақтылы есеп айырысу бойынша;
- салықтарды төлеу бойынша.

«KEGOC» АҚ-да сатып алу қызметі «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызы (қатысу үлесі) «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамына меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қағидасына (бұдан әрі – Қордың сатып алу қағидасы) сәйкес жүзеге асырылады. Сатып алу процесіне мыналар кіреді: сатып алу жоспарларын әзірлеу және бекіту; жеткізушіні таңдау; сатып алу туралы шартты жасау және орындау. 2017 жылы Қорда әлеуетті жеткізушілерді алдын ала біліктілікке таңдау моделі, яғни олардың құны мен тапсырыс берушілердің қызметіндегі мақсатын есепке ала отырып, белгіленетін сатып алуды өткізу сапасын, тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің сыни деңгейін айқындау әлеуетті жеткізушілерді біліктілік өлшемдері нысанына бағалау процесі ендірілген. Әлеуетті жеткізушілерді білікке таңдаудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- әлеуетті жеткізушілерге алдын ала біліктілікке таңдауды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- сатып алудың тиімділігін арттыру;
- әлеуетті жеткізушілерді сапалы, техникалық және пайдалану сипаттамаларын дамыту мен жақсартуға бағыттау, шығындарды азайту;
- алдын ала біліктілікке таңдаудан өткен кезде жеткізушінің ұсынылған құжаттар мен ақпараттар үшін жауапкершілігі.

Алдын ала біліктілікке таңдау жүргізген кезде әлеуетті жеткізушінің мына біліктілік, соның ішінде әлеуметтік өлшемдеріне сәйкестігі деңгейі айқындалады:

1. құқықтық құрамдаушы және әлеуетті жеткізушінің шарттық жұмысын ұйымдастыру;
2. Холдингінің әлеуетті жеткізушілерін дамытуды қолдайтын өлшемдер;
3. әлеуетті жеткізушінің ресурстары;
4. тауарлар, жұмыстар, қызметтер сапасын қамтамасыз ету;
5. жобалар мен тәуекелдерді басқару;
6. қауіпсіздік және еңбек қорғау;
7. қоршаған ортаны қорғау;

8. қосымша салалық өлшемдер.

Компанияның жеткізушілері бұл «KEGOC» АҚ негізгі қызметін орындауын қамтамасыз ету үшін тауарларды жеткізетін, жұмыстарды орындайтын және қызметтер көрсететін ұйымдар (Қазақстан Республикасының резиденттері де, резиденттері еместері де) болып табылады. «Самұрық-Қазына» АҚ Сенімсіз әлеуеттік жеткізушілер тізбесінде және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға жауапсыз қатысушылар тізілімінде және (немесе) Жалған кәсіпорындар тізбесінде тұрған ұйымдар Компанияның жеткізушілері бола алмайды. Сонымен қатар, сатып алу ашық тендер және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген кезде Компания сатып алу тек қана жеке санаттар арасында өткізілетінін көздеуі мүмкін:

- Холдингінің Тауар өндірушілері тізілімінде тұрған сатып алынатын тауарлардың тауар өндірушілері;
- Холдингінің мүгедектер ұйымдарының (жеке тұлғалар - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектер) тізілімінде тұрған сатып алынатын тауарларды өндіретін мүгедектер ұйымдары (жеке тұлғалар - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектер).

Ұйым тартатын жеткізушілердің жалпы саны және жеткізушілер тізбегіндегі жеткізушілердің бағалау саны, жеткізушілер жүзеге асырған төлемдердің ақшалай бағалау құны ашық тендер және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары бойынша айқындалады. Бір көзден тәсілімен сатып алу жөніндегі жеткізушілер жүзеге асырған төлемдердің ақшалай бағалау құны сатып алу жоспарларында көзделген сомалардан асып кетпеуі тиіс. **(102-9)**



Қоршаған ортаны қорғау

«KEGOC» АҚ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметті экологиялық тепе-теңдікті сақтау, қоғамның экологиялық тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуді қолдау қажеттілігін толықтай сезіне отырып, өзінің күнделікті жұмысының ажыратылмас бөлігі ретінде қарайды. Қоршаған ортаға деген жауапты көзқарас – «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатының негізгі қағидаты. «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатының мақсаты бұл қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту, экологиялық қауіпсіздіктің деңгейін арттыру, Қазақстан ҰЭТ-ын дамыту кезінде қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапкершілік, энергияны үнемдеу және Компания қызметінде табиғи және энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану болып табылады. «KEGOC» АҚ басшылығы өзіне Экологиялық саясатпен қабылданған тұрақты түрде жақсарту және ластанудың алдын алу бойынша міндеттемелерін іске асыру, сонымен қатар «KEGOC» АҚ-ның қатысы бар өз экологиялық аспектілері бөлігіндегі қолданылатын заңнамалық және басқада талаптарға сәйкестік үшін жауапкершілік қабылдайды. Компанияның әр қызметкері, сонымен қатар Компания мүдделеріне жұмыс істейтін мердігер ұйымдардың қызметкерлері «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатымен таныстырылды.

Компанияда экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) ендірілді және оның ISO 14001 халықаралық стандарты талаптарына сәйкестігіне сертификатталды. ЭМЖ «KEGOC» АҚ біріктірілген менеджмент жүйесі шеңберінде жұмыс істейді және Компанияның өндірістік және шаруашылық қызметінің қоршаған ортаға әсерін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа басқару тәсілдерін қолдану оны ендіру мен жұмыс істеуінің негізгі мақсаты болып табылады. 2017 жылы Компания қолданыстағы экологиялық менеджмент жүйесінің ISO 14001 стандарты талаптарына сәйкестігін табысты растады.

Экологиялық аспектілерді (тәуекелдерді) басқару Компанияның тәуекелдерін корпоративтік басқару жүйесінің элементі болып табылады. «KEGOC» АҚ қоршаған ортаға теріс әсердің алдын алу мақсатында жыл сайын экологиялық тәуекелдерге бағалау жүргізеді және оларды азайту үшін 2017 жыл қорытындылары бойынша толық іске асырылған іс-шараларды белгілейді. 2017 жылы тиімді басқару үшін мыналар әзірленді: «KEGOC» АҚ сәйкестендірілген экологиялық тәуекелдеріне қолданылатын нормативтік құқықтық актілер тізілімі; «KEGOC» АҚ 2017 жылға арналған экологиялық тәуекелдері мен маңызды экологиялық тәуекелдері тізілімдері. Тәуекелдер айқындалған кезде Компания қызметінің экологиялық әсерінің барлық құрауыштары талданады (энергия үнемдеу, су, топырақ, шығарындылар, қалдықтар).

2017 жылы «құрамында ПХД бар қалдықтар», «трансформаторлық май» және «пайдаланылған трансформаторлық май» маңызды экологиялық тәуекелдер болып белгіленді. «Құрамында ПХД бар қалдықтар» аспектісінің маңыздылығы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сай (қауіптіліктің қызыл деңгейі) полихлорланған дифенил қауіпті зат болып табылатынына негізделген. «Пайдаланылған трансформаторлық май» және «трансформаторлық май» тәуекелдерінің маңыздылығы май толтырылған жабдықтың болуына байланысты.

«KEGOC» АҚ экологиялық тәуекелдерін басқару мақсатында қажетті табиғатты қорғау іс-шаралары, сонымен қатар оларды орындау шығындары белгіленген 2017 жылға арналған Экологиялық бағдарлама жасалды.

Атмосфералық ауаны қорғау

Нормативтерге сай, ЖЭТ филиалдарында зиянды заттар шығарындыларының (ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған) стационарлық көздері белгіленген. Стационарлық көздерден болатын шығарындыларды және олардың атмосфералық ауаға әсерін азайту мақсатында ЖЭТ филиалдарында 2017 жылы операциялық мониторинг жүргізілді (өндірістік процесс мониторингі) – жабдықтың әрбір бірлігінің жұмыс уақыты сағаттарының санын және материалдар шығысын

есепке алу. Мамандандырылған ұйымдар өндірістік экологиялық мониторинг жүргізген кезде есептеу жолымен немесе зертханалық өлшемдер жүргізумен стационарлық көздерден болатын шығарындылар айқындалады.

2017 жылы стационарлық көздерден ластайтын заттардың жаппай шығарындыларының көлемі 15,81 т (белгіленген норматив – 20,7 т) құрады.

2017 ж. стационарлық көздерден болған шығарындылар

«KEGOC» АҚ «ЖЭТ» филиалының атауы	Стационарлық көздерден болған шығарындылар, т/жылына	
	жоспар	факт
Ақмола ЖЭТ	2,91	2,91
Ақтөбе ЖЭТ	1,14	0,42
Алматы ЖЭТ	2,94	0,68
Шығыс ЖЭТ	4,68	4,68
Батыс ЖЭТ	0,94	0,25
Сарыбай ЖЭТ	1,48	1,48
Солтүстік ЖЭТ	0,11	0,11
Орталық ЖЭТ	5,18	5,18
Оңтүстік ЖЭТ	1,33	0,10
Барлығы:	20,70	15,81

Осылайша, стационарлық көздерден болатын ластайтын заттардың жаппай шығарындылары (нормативтерге қатысты) «KEGOC» АҚ Ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес 3%-ға азайту жоспарланған жағдайда 23 %-ға азайды. Шығарындылардың азаюы («Ақтөбе ЖЭТ», «Алматы ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ», «Оңтүстік ЖЭТ» филиалдары) мамандандырылған ұйымдар жүргізген өндірістік экологиялық мониторинг нәтижелерімен расталды.

«Климаттың өзгеруі туралы» БҰҰ Негіздемелік конвенциясының, Киот хаттамасының, Париж келісімінің және Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес, 2018 жылы ЖЭТ филиалдарында Компанияның қызметі шеңберінде 2017 жылы қоршаған ортаға шығарылған парниктік газдарға түгіндеу жүргізілді. Стационарлық көздерден, стационарлық көздерге теңдестірілген мобильдік көздерден

болған шығарындылар есебі жасалды. Аймақтық Экология департаменттеріне 2017 жылғы парниктік газдарды түгіндеу туралы есептер жіберілді және тіркелді.

«Мемлекеттік реттеу объектілері болып табылатын парниктік газдар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес көміртектің қос тотығы (CO₂), метан (CH₄), азоттың шала тотығы (N₂O), перфторкөміртектер (ПФК) осындай болып табылады.

Стационарлық көздерден шығарылған парниктік газдарды түгіндеу нәтижелері бойынша шығарындылар жылына көміртектің қос тотығы баламасында 143,085 тоннаны құрайды, осыған байланысты «KEGOC» АҚ парниктік газдарды шығару квоталарын бөлу жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған ұлттық жоспарға сай парниктік газдарды квоталау бойынша талаптарға сай келмейді.

«KEGOC» АҚ стационарлық көздерінен парниктік газдар шығарындыларының 2017 жылғы көлемі

CO ₂ , тонна	CH ₄ көміртегі қос тотығының тонналық баламасында	N ₂ O көміртегі қос тотығының тонналық баламасында	Шығарындылардың жалпы көлемі көміртегі қос тотығы- ның тонналық баламасындағы
143,017	0,002	0,066	143,085

«Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сай жылжымалы көздерден болған шығарындылар есептелмейді, есептемеде пайдаланылған отын көлемі көрсетіледі. Автокөлік атмосфераға шығарылатын пайдаланылған газдарының улылығы мен түтіндігіне тексерілді.

Компания өз қызметінде климаттың өзгеруіне әсер ететін озонды бұзатын заттарды шығаруды жүзеге асырмайды. (EUS)

Қалдықтарды басқару

Өндіріс қалдықтары қосалқы станцияларды пайдалану, жөндеу және жаңғырту кезінде пайда болады. Қалдықтарды басқару «KEGOC» АҚ-да Қазақстан Республикасының экологиялық кодексіне және СТ KEGOC 00-602-11 «KEGOC» АҚ-да қалдықтарды басқару» ұйым стандартына сай жүзеге асырылады.

«KEGOC» АҚ-да барлық қалдықтар мыналарға байланысты бөлінген:

1. түріне қарай: тіршілік процесінде пайда болатын өндірістік және коммуналдық (қатты тұрмыстық қалдықтар);
2. қауіптілік деңгейіне байланысты (Қазақстан Республикасының экологиялық кодексіне сай):
 - «жасыл» – G индексі (қауіпсіз);
 - «кәріптас» – A индексі (қауіпті);
 - «қызыл» – R индексі (қауіпті).

Қалдықтар тізбесі және олардың қауіптілік деңгейі қажеттілігіне қарай жаңартылады.

ЖЭТ филиалдары жыл сайын қалдықтарды шыққан жері

бойынша түзілу процестерінің сипаттамасын, оның сандық және сапалық көрсеткіштерін, олармен жұмыс істеу ережесін, оларды бақылау әдістерін, бұл қалдықтардың қоршаған ортаға әсерінің түрлерін, қалдықтарды өндірушілер туралы мәліметтерді қоса алғанда, әрбір түрі үшін қалдықтар төлқұжатын әзірлейді немесе түзетеді.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен қауіпсіз жұмыс істеу үшін ЖЭТ филиалдарында оларды уақытша қауіпсіз және бөлек сақтауға арналған жерлер белгіленген, қалдықтарды экспликациясымен объектілердің аумағында орналастыру карта-схемасы дайындалды, бұдан әрі жою үшін уақтылы әкету қамтамасыз етіледі.

2017 жылы «KEGOC» АҚ бөлімшелерінде 2548,7 тонна қалдықтар пайда болды. Қалдықтарды полигонда орналастыру шығындары 10,6 млн.теңгені, жою шығындары – 11,5 млн.теңгені құрады (құрамында сынабы бар қалдықтар және өндірістік қалдықтар олардың түрлері бойынша). Трансформаторлық май мен металл сынықтарын мамандандырылған ұйымдар сатты.

Қауіптілігі деңгейі бойынша қалдықтардың пайда болу көлемдерінің динамикасы тонна

	2015	2016	2017
G «жасыл» индекс	2 490	2722,287	1739,02
A «кәріптас» индекс	905	446,305	809,68
R «қызыл» индекс	–	10,530	–

2017 жылы «Орнықты органикалық лаптағыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы», «Жойылуы қиын органикалық лаптауыштармен және олар құрамында бар қалдықтармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығы бекіткен) «KEGOC» АҚ қосалқы станцияларының жабдығында ПХД анықтау бойынша жұмыс жалғастырылды. ЖЭТ филиалдары құрамында ПХД бар жабдықты есепке алу тізілімі жаңартылды,

тізілім қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық органдарға белгіленген мерзімде тапсырылды.

2017 жылы май толтырылған жабдықта ПХД болуына зертханалық талдаулар жоспарланды және жүргізілді, олардың қорытындылары бойынша ПХД табылмады.

«KEGOC» АҚ «Ақмола ЖЭТ», «Шығыс ЖЭТ» және «Солтүстік ЖЭТ» филиалдары ПХД-мен ластанған электр жабдығын буып-түю, тасымалдау және жою шарттарын жасады: 2017 жылғы IV тоқсанда жоюға 22 бірлік электр жабдығы өткізілді.

Су объектілері мен топыраққа әсері

Су Компанияның технологиялық процесінде пайдаланылмайды. «KEGOC» АҚ-да суды қолдану деңгейі шамалы, пайдаланылатын су көздеріне айтарлықтай әсер етпейді. Суды тұтыну және су бұру ЖЭТ филиалдарының мамандандырылған ұйымдармен жасаған шарттарына сәйкес жүргізіледі. Су объектілері және топыраққа лақтырындылар жүзеге асырылмайды. «KEGOC» АҚ-ның 7 филиалының объектілерінде артезиандық сумен жабдықтау бар, ұңғымалар алынған рұқсаттарға сай пайдаланылады. Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттар бойынша ұңғымалардың тоғандарындағы жер асты суларына тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Компанияның объектілеріндегі май толтырылған жабдықта пайдаланылатын трансформаторлық май, суды шаруашылық қажеттіліктерге пайдалану нәтижесінде пайда болған ағын

сулар су объектілері мен топырақты лаптаудың ықтимал көзі болып табылады. «KEGOC» АҚ жабдығын таңдаған кезде өлшемнің басым өлшемдерінің бірі оның экологиялылығы болып табылады, майлы ажыратқыштарды элегазды және вакуумды ажыратқыштарға ауыстыру жоспарлы түрде жүргізіліп отыр, бұл ЖЭТ филиалдарының қосалқы станцияларында пайдаланылатын трансформаторлық май көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Майсыз жабдықты қолдану сенімділікті, істен шыққанға дейін жұмыс істеуді, төзімділікті, өрт қауіпсіздігін арттырады, жерасты сулары мен топырақтың ластануын болдырмайды. Май толтырылған жабдық май қабылдайтын қондырғылармен немесе табандықтармен жарақталған, бұл майдың топыраққа енуін болдырмайды. Май жинағыштардың аунатқыштары тұрақты түрде тексеріліп отырады.

Инвестициялық жобаларды іске асыру барысындағы табиғатты қорғау іс-шаралары

Компания жобаларды, соның ішінде инвестициялық жобаларды іске асырған кезде қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне кешенді түрде қарайды: жобаларды іске асыру тәуекелдерін талдау үшін әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерді талдауды қоса алғанда, PESTEL талдауы пайдаланылады. Жүргізілген қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері есепке алынып, қоршаған орта мен адам денсаулығына тигізетін зияны неғұрлым аз нұсқа қабылданады. Жобаларды сәйкестендіру және бағалау жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде тұрақты негізде жүзеге асырылады және мыналарға әсерді бағалау кіреді:

- атмосфералық ауа;
- жерүсті және жерасты сулары;
- ландшафтар;
- жер ресурстары және топырақ жамылғысы;
- биоалуантүрлілік және басқалар.

Электр желілерін жобалау кезеңінде экологиялық тәуекелдерді басқару үшін оларды елді мекендерден және күзетілетін табиғи аумақтардан шалғай аумақтарда орналастырады. ӘЖ трассалары негізінен дала және шөлейт жерлер арқылы өтеді, ӘЖ үшін орман жолдарын тазарту қызметін жүзеге асырған кезде азайту іс-шараларын қамтитын Қоршаған ортаға әсер етуді бағалау (ҚОӘБ) жобасы әзірленеді. Компанияның қызметі туралы экологиялық ақпараттың ашықтығы және қол жетімділігі мақсатында ҚОӘБ жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. **[102-11]**

Экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін «KEGOC» АҚ-ға қатысты санкциялар, сонымен қатар айтарлықтай айыппұлдар 2017 жылы болмады.

[307-1]

Энергия тұтыну

«KEGOC» АҚ-ның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша негізгі міндеті тұтыналатын энергия ресурстары көлемін азайту, соның ішінде «KEGOC» АҚ объектілерінің жеке қажеттіліктерге арналған энергия ресурстары шығындарын азайту есебінен, электр энергиясын ҰЭТ арқылы жеткізу кезінде электр энергиясының техникалық ысырап-

тарын азайту, энергия шығындарын бақылау механизмдерін жетілдіру және Компания объектілерін электр энергиясы мен басқа да отын-энергетикалық ресурстарды есепке алу құралдарымен жабдықтау, ақпаратты есепке алу құралдарының деректері негізінде жинау процесін ұйымдастыру.

2017 жылы отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну

Электр энергиясы	10 176 714 ГДж
Жылу энергиясы	84 630 ГДж
Отын	134 110 ГДж
Соның ішінде	
моторлық бензин	55 490 ГДж
дизельдік отын	72 041 ГДж
табиғи газ	6 163 ГДж
сұйытылған газ	416 ГДж
БАРЛЫҒЫ	10 395 454 ГДж¹

(302-1)

Қазақстанның электр энергетикалық жүйесі негізінен Солтүстік аймақта қуатты энергия көздерінің шоғырлануымен және ел аумағының үлкен болуы себепті ұзыннан ұзақ транзиттік электр жеткізу желілерінің (шамамен 1 000 км) болуымен сипатталады (транзиттердің негізгі бағыттары Қазақстанның Солтүстігі – Оңтүстігі, Павлодар облысы – Ақтөбе облысы), бұл электр энергиясының техникалық ысыраптары деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар «KEGOC» АҚ желісіндегі техникалық ысыраптар көршілес мемлекеттердің энергия жүйелерінің жұмыс режимдеріне (электр энергиясының транзиті, экспорты және импорты) байланысты.

«KEGOC» АҚ техникалық ысыраптары 2017 жылы электр энергиясын желіге босатудан 2,8 млрд.кВт·сағ немесе 6,2%-ды құрады, бұл уәкілетті орган бекіткен нормативтік мәндер-

ден аспайды. (EU12)

«KEGOC» АҚ-ның 2017 жылғы техникалық ысыраптарының құрылымы мынадай:

- желілердегі жүктемелік ысыраптар (65%);
- трансформаторлардағы жүктемелік ысыраптар (1%);
- «тәжге» ысыраптар (19%);
- трансформаторлардың бос жұмысына ысыраптар (4%);
- реакторлардағы ысыраптар (8%);
- қосалқы станциялардың жеке қажеттіліктері (3%).

«KEGOC» АҚ жыл сайын техникалық ысыраптарды азайтуға бағытталған іс-шараларды орындайды. 2017 жыл қорытындылары бойынша осы іс-шараларды орындау нәтижесінде электр энергиясы шығыстарының азаюы 4,7 млн.кВт·сағ құрады.

(302-4)

Ысыраптарды азайту бойынша 2017 жылғы іс-шаралар	Іс-шараның әсері	
	млн.кВт·сағ	ГДж
Желілерді аз жүктеме режимінде ажырату	0,5	1 800
Күш трансформаторларын аз жүктеме режимінде ажырату	4,2	15 120
Барлығы «KEGOC» АҚ бойынша	4,7	16 920

¹ Джуольға қайта есептеуде халықаралық бірлік жүйесі, ӨҚ қолданылды.



әлеуметтік жауапкершілік

Кадр саясаты

«KEGOC» АҚ кадрлық әлеуеті Компанияның даму табысын анықтайтын маңызды стратегиялық фактор болып табылады. «KEGOC» АҚ адами ресурстар менеджменті Корпоративтік басқару кодексінің, Искери этика кодексінің, біріктірілген менеджмент жүйесінің, Кадр саясатының, «KEGOC» АҚ персоналды мотивациялау саласындағы ішкі құжаттарының қағидаттары негізінде жүзеге асырылады. Компанияның адами ресурстарды пайдаланудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге негізделген Кадр саясаты «KEGOC» АҚ Ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес мыналарға бағытталған:

- Компанияның қызметкерлерді іздестіру мен іріктеуді, оқыту мен дамытуды, қызметкерлердің қызметін бағалау мен сыйақыларды басқаруды қоса алғанда, меритократия қағидаттарына берілгендігін қамтамасыз ету;
- әлеуметтік-еңбек қатынастарын жақсарту іс-шараларын іске асыру (кері байланыс, басшылықтың ұжым алдындағы есебі, ұжымның әлеуметтік ахуалын мониторингтеу);
- корпоративтік мәдениетті дамыту.

2017 жылы «KEGOC» АҚ Бизнесі трансформациялау бағдарламасын іске асыру жалғасып, оның шеңберінде «Нысаналы ұйымдық құрылымға көшу» жобасы іске асырылды. Жобаны іске асыру барысында бөлімшелер туралы ережелер, жаңа лауазымдар және функционалы өзгертілген лауазымдар сипатталды, жаңа лауазымдарға және функционалы өзгерген лауазымдарға (Job-matching) басқарушы команданы қоса алғанда, қызметкерлерді кезең кезеңмен іріктеу жүргізілді. Сонымен қатар, HR-дың Компаниядағы рөлі өзгереді – ол

«әкімшілік» рөлінен «HR бизнес-әріптес» рөліне трансформацияланды, өзара байланысты жүйелерді құру және оларды автоматтандыру үшін барлық HR процестерді қайта қарау басталды.

Корпоративтік мәдениетке диагностика жүргізілді, соның қорытындылары бойынша құндылықтары белгіленді. Жол картасы мен нысаналы корпоративтік мәдениетке көшу бойынша коммуникациялар жоспары жасалды.

Кадр саясатының барлық элементтері жаңа қызметкерлердің тез және тиімді бейімделіп, лауазымға кірігуін тездетіндей құрылған. Тұрақты негізде ұйым мақсаттарымен, оның қызметінің ерекшеліктерімен, сонымен қатар компанияның негізгі қағидалары мен қызметкерлерден күтетін нәтижемен тұрақты түрде таныстырылып отырады. Бейімдеу процесінде қызметкерлер қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамадан өтеді.

«KEGOC» АҚ халықаралық деңгейде және Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген адам құқықтарын қолдайды және құрметтейді. 2017 жылы «KEGOC» АҚ-да адам құқықтарын бұзуға, нәсілі, жынысы, тілі, діні, ұлттық болмысы, әлеуметтік және отбасылық жағдайы, жыныстық ұстанымы бойынша кемсітумен байланысты бір де бір жағдай тіркелген жоқ. «KEGOC» АҚ өз қызметінде балалар еңбегін, мәжбүрлі еңбекті қолданбайды және персоналдан ұйымда жұмыс істей бастағаннан кейін кепілзат немесе жеке басын куәландыратын құжат қалдыруын талап етпейді.

Компания қызметкерлерінің тізім бойынша саны (ЕҰ-ды есепке алғанда) 31.12.2017 ж. жай-күй бойынша 4 731 адамды құрады. **(102-7)**

Бөлімше	Толық жұмыс күні жұмыс істейтіндер, адам			Вахталық әдіспен жұмыс істейтіндер, адам			Толық емес жұмыс күні жұмыс істейтіндер, адам			Барлығы
	Барлығы	ерлер	әйелдер	Барлығы	ерлер	әйелдер	Барлығы	ерлер	әйелдер	
Ақмола ЖЭТ	569	471	98	–	–	–	3	3	–	572
Ақтөбе ЖЭТ	253	207	46	–	–	–	–	–	–	253
Алматы ЖЭТ	455	366	89	5	5	–	–	–	–	460
Шығыс ЖЭТ	282	217	65	–	–	–	3	3	–	285
Батыс ЖЭТ	183	139	44	39	39	–	–	–	–	222
Сарыбай ЖЭТ	419	347	72	–	–	–	5	2	3	424
Солтүстік ЖЭТ	387	292	95	–	–	–	–	–	–	387
Орталық ЖЭТ	403	321	82	5	5	–	–	–	–	408
Оңтүстік ЖЭТ	428	358	70	–	–	–	1	1	–	429
ЖО ҰДО	88	52	36	–	–	–	4	–	4	92
Атқарушы дирекция	373	195	178	–	–	–	–	–	–	373
«Энергоинформ» АҚ	777	422	355	6	2	4	24	4	20	807
«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС	19	11	8	–	–	–	–	–	–	19
Барлығы	4 636	3 398	1 238	55	51	4	40	13	27	4 731

(102-8)

Бөлімше	Тұрақты қызметкерлер, адам			Уақытша қызметкерлер, адам			Барлығы
	Барлығы	ерлер	әйелдер	Барлығы	ерлер	әйелдер	
Ақмола ЖЭТ	556	469	87	16	5	11	572
Ақтөбе ЖЭТ	247	204	43	6	3	3	253
Алматы ЖЭТ	442	367	75	18	4	14	460
Шығыс ЖЭТ	280	218	62	5	2	3	285
Батыс ЖЭТ	215	175	40	7	3	4	222
Сарыбай ЖЭТ	419	346	73	5	3	2	424
Солтүстік ЖЭТ	380	290	90	7	2	5	387
Орталық ЖЭТ	401	323	78	7	3	4	408
Оңтүстік ЖЭТ	424	359	65	5	0	5	429
ЖО ҰДО	91	52	39	1	0	1	92
Атқарушы дирекция	351	187	164	22	8	14	373
«Энергоинформ» АҚ	781	419	362	26	9	17	807
«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС	18	11	7	1	0	1	19
Барлығы	4 605	3 420	1 185	126	42	84	4 731

(102-8)

* Уақытша қызметкерлер дегеніміз Компанияға уақытша бос лауазымдарға (ішкі орын алмасудан басқа) қабылданған қызметкерлерді білдіреді.


Персоналдың гендерлік белгісі бойынша құрамы

26,8%

әйелдер

73,2%

ерлер



Персоналдың санаттары бойынша құрамы, %

0,6%

Қызметшілер

14,6%

Басшылар

40,9%

Жұмысшылар

43,9%


Мамандар



Персоналдың ұлты бойынша құрылымы %



Персоналдың жас топтары бойынша құрамы, %



* «Басқалары» дегеніміз мыналарды білдіреді: әзірбайжандар, армяндар, қырғыздар, түріктер, ұйғырлар және басқа да ұлттар.

31.12.2017ж. жай-күй бойынша қызметкерлердің тізім бойынша санынан 12,4%-ы 2018-2022 жылдар аралығында (алдағы 5 жыл ішінде) зейнетке шығуы мүмкін, олардың ішінде:

- ӘБП – 1,2%;
- ӨП – 11,2%.

31.12.2017ж. жай-күй бойынша қызметкерлердің тізім бойынша санынан 23,6%-ы 2018-2027 жылдар аралығында (алдағы 10 жыл ішінде) зейнетке шығуы мүмкін, олардың ішінде:

- ӘБП – 2,3%;
- ӨП – 21,3%.

Бөлімше	Зейнетке шығуы мүмкін қызметкерлердің үлесі	
	2017-2022 жж. аралығында	2017-2027 жж. аралығында
Ақмола ЖЭТ	1,4%	2,9%
Ақтөбе ЖЭТ	0,6%	1,2%
Алматы ЖЭТ	1,5%	2,5%
Шығыс ЖЭТ	0,7%	1,2%
Батыс ЖЭТ	0,4%	0,9%
Сарыбай ЖЭТ	1,2%	2,5%
Солтүстік ЖЭТ	1,2%	2,4%
Орталық ЖЭТ	0,9%	2,1%
Оңтүстік ЖЭТ	1,5%	2,8%
ЖО ҰДО	0,2%	0,3%
Атқарушы дирекция	0,5%	1,1%
«Энергоинформ» АҚ	2,2%	3,7%
«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС	0,02%	0,02%
Барлығы	12,4%	23,6%

(EU15)

Персоналдың электр энергетикасы саласындағы жұмыс өтілі бойынша құрылымы



Компанияда жұмысқа қабылдау рәсімі «KEGOC» АҚ бос лауазымдарына конкурстық іріктеу қағидасына сәйкес жүзеге асырылады, оларға сай 2017 жылы бос лауазымды толтыруға 109 конкурс өткізілді, соның ішінде Атқарушы дирекция бойынша – 31, филиалдар бойынша – 35, «Энергоинформ» АҚ бойынша – 41, «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС бойынша – 2.

«KEGOC» АҚ-да конкурстық іріктеу рәсімі персоналды іздеу және таңдау процесінің ашықтығын және мүдделі тұлғалардың меритократия қағидатын сақтауға сенімділігінің артуын, персоналды жұмысқа алу кезінде дұрыс шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін кандидаттарды бағалау әдістерін қолдануды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, жаңа қызметкерлер бейімделу рәсімінен өтеді, бұл рәсім жаңа қызметкердің еңбек қызметінің құрамы мен жағдайларына, әлеуметтік ортада қолайлы бейімделуі-

не бағытталған, бұның нәтижесі жаңа қызметкердің алдағы жұмыстың ерекшелігімен танысуы, лауазымға кірігу рәсімінің тездетілуі, сонда-ақ тиімді екі жақты тіл табысуларды орнату болып табылады.

Біздің Компанияның басшылары «Жас өркен» дарынды тұлғаларын дамыту бағдарламасы шеңберінде көп сатылы іріктеуден өткен 2017 жылғы ЖОО үздік бітірушілер үшін тәлімгерлер болды. Сонымен қатар «Жылдың үздік тәлімгері» жыл сайынғы конкурсы өткізілді, оның нәтижесі бойынша жеңімпаз бағалы сыйлықпен және дипломмен марапатталды.

Компаниядан кеткен қызметкерлердің себептер бөлігі бойынша құрылымы, адам



* Бұл мән «Самұрық-Қазына» АҚ қолданатын әдістемесіне сәйкес кадрлардың тұрақтамауын есептеген кезде қолданылады.

	2017 жылы Компанияға жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны*		2017 жылы Компаниядан кеткен қызметкерлер саны*	
	адам	%	адам	%
Барлығы:	447	9,45	444	9,38
Жынысы бойынша бөліп көрсетумен				
ерлер	289	6,11	285	6,02
әйелдер	158	3,34	159	3,36
Жасы бойынша бөліп көрсетумен				
30 жасқа дейін	235	4,97	116	2,45
31 мен 50 жас аралығы	174	3,68	161	3,40
51 жас және одан жоғары	38	0,80	167	3,53
Өңірлер бойынша бөліп көрсетумен (ішкі ауысуларды есепке алғанда)				
Атқарушы дирекция	77	1,63	44	0,93
Ақмола ЖЭТ	58	1,23	60	1,27
Ақтөбе ЖЭТ	22	0,47	26	0,55
Алматы ЖЭТ	43	0,91	40	0,85
Шығыс ЖЭТ	21	0,44	15	0,32
Батыс ЖЭТ	29	0,61	27	0,57
Сарыбай ЖЭТ	30	0,63	33	0,70
Солтүстік ЖЭТ	41	0,87	36	0,77
Орталық ЖЭТ	23	0,49	34	0,72
Оңтүстік ЖЭТ	24	0,51	23	0,49
ЖО ҰДО	6	0,13	24	0,51
Алматы қаласындағы Өкілдік	0	-	6	0,13
«Энергоинформ» АҚ	101	2,13	107	2,26
«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС	5	0,11	2	0,04

(401-1)

«KEGOC» АҚ Бизнесіні трансформациялау бағдарламасы шеңберінде «Нысаналы ұйымдық құрылымға ауысу» жобасы бойынша, басқару деңгейлерін қысқарту мақсатында 2016-2017 жылдары Компания қызметкерлерінің штаттық санын 107 бірлік санына оңтайландыру жүзеге асырылды. Компания басшылығы персонал алдындағы жауапкершілікті сезіне отырып, штаттық санын оңтайландыруға байланысты қысқартылатын қызметкерлерді олардың біліктілігіне сай Компанияның бос лауазымдарына орналастыру туралы шешім қабылдады.

Осы есепте көрсетілген Компанияға жұмысқа алынғандар және кеткендер саны есептік жыл ішіндегі кадрлардың қозғалысын оңтайландыруды және кадрлардың тұрақтауын есепке ала отырып көрсетеді.

* Компания бойынша жұмысқа қабылданған (кеткен) қызметкерлердің жалпы саны мен Компанияның бөлімшелері бөлігінде жұмысқа қабылданған (кеткен) қызметкерлер саны арасындағы айырмашылық бүкіл Компания бойынша есептегенде бір бөлімшеден басқа бөлімшеге ауыстырылған қызметкерлердің болмауы салдарынан болды.

Кадрлардың тұрақтамуы, %*

Атқарушы дирекция	4,8
Ақмола ЖЭТ	5,1
Ақтөбе ЖЭТ	3,1
Алматы ЖЭТ	6,5
Шығыс ЖЭТ	1,1
Батыс ЖЭТ	8,1
Сарыбай ЖЭТ	3,3
Солтүстік ЖЭТ	5,7
Орталық ЖЭТ	2,4
Оңтүстік ЖЭТ	1,9
ЖО ҰДО	2,0
«Энергоинформ» АҚ	6,5
«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС	11,4
Барлығы Компания бойынша	4,6

(401-1)

«10%-дан артық емес» белгіленген жоспарлы мән кезінде «KEGOC» АҚ-да кадрлардың тұрақтамауының қорытынды мәні 2017 жылы 4,6% құрады.

Компаниядан 2017 жылы кеткен қызметкерлердің «KEGOC» АҚ-дағы жұмысының орташа ұзақтығы:

- 30 жасқа дейінгі (116 адам) – 3,8 жыл,
- 31-50 жас (161 адам) – 6,6 жыл,
- 51 және одан жоғары (167 адам) – 9 жыл.

Компаниядан 2017 жылы кеткен ер адамдардың орташа жұмыс өтілі 7,1 жыл (285 адам), әйелдердің – 6,1 жыл (159 адам) болды. (401-1)

Персоналды дамыту және оқыту

«KEGOC» АҚ-да процестің үздіксіздігін қамтамасыз ететін персоналды оқытудың мына негізгі түрлері қолданылады:

- өз бетінше оқу (өздігінен білім алу);
- өндірісте ұймыдастырылған оқыту (өндірістік-техникалық оқу);
- мамандандырылған оқу орындарының біліктілікті арттыру курстарында өндірістен қол үзіп, қысқа мерзімді оқу.

«KEGOC» АҚ персоналды оқыту мен дамыту процесіне жоғары мән береді және мына қағидаттарды басшылыққа алады:

- оқытудың тиімділігі және нәтижелілікке бағыттану, компания қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешу;
- оқыту мен дамудың озық сипаты – компанияны дамытудың стратегиялық мақсаттарын қолдау;

* Тұрақтамау көрсеткіші «Самұрық-Қазына» АҚ әдістемесі бойынша есептелген, оған сай тек қана өз еркімен жұмыстан кеткен қызметкерлердің сандары есепке алынады. Тұрақтамауды есептеген кезде мына қызметкерлер есепке алынбайды: тараптардың келісімі бойынша жұмыстан шыққандар, «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының шегінде жұмыстан шыққандар, тараптардың еркіне қарамайтын жағдайлар бойынша, жұмыс берушінің бастамасы бойынша, еңбек шарты мерзімі өтуі, санының қысқаруы, еңбек шартының тоқтатылуы, қызметкердің тағайындалатын жұмысқа (лауазымға) ауысуына немесе оны лауазымға тағайындауға байланысты еңбек шартының бұзылуы бойынша.

- орындылығы – оқыту бағдарламаларын таңдау қызметкерлердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес;
- даму жүйесінің біртұтастығы, оқытудың үздіксіздігі және жүйелілігі.

Персоналды оқыту оқытудың заманауи әдістерінің барлық спектрін – бизнес-практикумдарды, семинарларды, тренингтерді, тағылымдамаларды, біліктілікті арттыруды, кәсіби дайырлық және қайта даярлық бағдарламаларын, форумдарды, конференцияларды қолдану арқылы жүргізілді. Есептік жылы 2066 қызметкер оқыды, бұл қызметкерлердің тізімдік санынан 43,67%-ды құрайды.

Оқытудың орташа жылдық саны 2017 жылы 1 қызметкерге 39,18 сағатты құрады, соның ішінде ӘБП қызметкерлері үшін – 44,18 сағат, ӘП қызметкерлері үшін – 38,33 сағат.

Бір еркек қызметкер үшін орташа оқыту сағаты – 38,84 сағат, әйел қызметкер үшін – 41,31 сағат.

Оқыту сағатының жалпы саны 80 955,6 сағатты құрады, оның ішінде ер адамдар – 68 893 сағат, әйелдер – 12 062,2 сағат; ӘБП – 13 386,60 сағат, ӘП – 67 569 сағат. **[404-1]**

«KEGOC» АҚ оқытуға жұмсалатын нақты шығыстары 2017 жылы 259,151 млн.теңгені немесе жоспардағыдан 83,3%-ды құрады, бұл 2016 жылғы орындаудан 18,3%-ға жоғары.

Оқыту нәтижелілігін қызметкердің басшылары оқу аяқталған соң алты айдан кейін мына өлшемдер бойынша бағалайды: орындалатын жұмыстың сапасы (функцияны орындау кезінде сәйкессіздіктердің азаюы, жаңа функцияларды орындау), өнімділіктің артуы, жаңа құжаттаманы, әді-

стерді, процестерді, рәсімдерді әзірлеу және ендіру, алынған білімдерді, шеберліктерді кәсіби қызмет шеңберінде пайдалану/іске асыру. Бағалау нәтижелері оқытудың келесі циклін ұйымдастыруда ескеріледі. Сонымен қатар, қызметкерлердің қызметінің нәтижелілігін арттыру, олардың біліктілігі деңгейін және атқаратын функционалдық міндеттерінің сапасын жыл сайынғы негізде бағалау мақсатында қызметкерлерге аттестаттау жүргізіледі. 2017 жылы 460 қызметкер немесе Компания персоналының тізімдік санының 9,7%-ы аттестаттаудан өтті, оның ішінде: 65,9 % – еркектер және 34,1 % – әйелдер; аттестаттаудан өткендердің жалпы санынан ӘБП қызметкерлері 27,0 % және ӘП қызметкерлері 73,0 %. Жүргізілген аттестаттау нәтижелері бойынша персоналдың 100 %-ы біліктілігі бойынша белгіленген талаптарға сәйкес келді. **[404-3]**

«KEGOC» АҚ өндірістік персоналды кәсіпорында оқытудың қосарлы оқыту жүйесін ендіру жұмысын жалғастыруда. «Электр станциялары мен желілердің электр жабдығы» мамандығы бойынша студенттерді оқытудағы бизнестің қажеттілігін айқындау жұмысы жүргізілді. «Қарағанды политехникалық колледжі» КМҚК-мен әлеуметтік серіктестікті жалғастыру туралы шешім қабылданды.

Еңбек әулеттері институтын дәріптеу және қолдау мақсатында, ұрпақтар сабақтастығын және әлеуметтік тұрақтылықты қоғамдық марапаттау ретінде 2017 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ-да компаниялар тобының еңбек әулеттері күні тойланды, оған «KEGOC» АҚ әулеттерінің өкілдері қатысты.

Персоналды мотивациялау және ынталандыру

Компания қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу Қазақстан Республикасы заңнамасына, Ұжымдық шартқа, еңбек шарттарына, еңбекақы төлеу және сыйақы беру бойынша ішкі құжаттарға сәйкес жүргізіледі. 2017 жылы ішкі әділдік және сыртқы бәсекеге қабілеттілік қағидаттарына негізделген еңбекақы

төлеудің грейдтік жүйесі ендірілді. Грейдтік жүйе еңбекақы төлеу деңгейін әрбір лауазымның құндылығымен байланыстыруға мүмкіндік берді. Жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша қызметкерлердің жалақысы орташа алғанда шамамен 15%-ға өсті.

«KEGOC» АҚ-дағы еңбекақы төлеу жүйесі

Материалдық сыйақы			Материалдық емес сыйақы
Базалық бөлігі (жалақы, қосымша ақы және үстемақы)	Ауыспалы бөлігі (қызмет нәтижелері бойынша сыйақылар, бір жолғы сыйақылар, басшы және басқарушы қызметкерлерге сыйақы беру)	Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	

Компанияда ерлер мен әйелдердің еңбегі үшін бірдей сый-ақы, сонымен қатар еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан «KEGOC» АҚ филиалдарының ер және әйел қызметкерлеріне еңбекақы белгілеген кезде бірыңғай тәсіл көзделген. 2017

жылы «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің қызметақылары Қазақстан Республикасында белгіленген ең аз жалақыдан артық болды.

KEGOC АҚ қызметкерлерінің бастапқы деңгейдегі қалыпты жалақысының Қазақстан Республикасында 2017 жылға белгіленген ең аз жалақыға қатысы

Қазақстан Республикасында 2017 жылы ең аз жалақы, теңгемен	«KEGOC» АҚ компаниялар тобындағы жалақының ең аз деңгейі * 2017 жылы, теңгемен	Ауытқу, %
24 459*	57 000**	233,04

(202-1)

Компанияның қызметкерлерді әлеуметтік қолдау қызметі мына ішкі құжаттармен реттеледі:

- Ұжымдық шарт;
- «KEGOC» АҚ Кадр саясаты;
- Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы;
- Қызметкерлердің еңбегін марапаттау және тану қағидасы.

«KEGOC» АҚ тиімді жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай жасау, бейілділікті арттыру мақсатында компания қызметкерлеріне мынадай әлеуметтік қолдау көрсетеді: жыл сайынғы ақылы демалысын берген кезде сауықтыруға арналған материалдық көмек, мерейтойлық күнге, бала тууына байланысты, қызметкердің, қызметкердің отбасы мүшелерінің және «KEGOC» АҚ есебінде тұрған зейнеткердің өліміне байланысты материалдық көмек, мүгедек, бала күнінен мүгедек қызметкердің және оның балаларының мүгедектік тобы мен жасына қарамастан, медициналық емделуіне ақы төлеу. Зейнеткерлік жастағы қызметкерлерге зейнетке шығар кезде өтемақы төленеді, сонымен қатар Компанияның есебінде тұрған зейнеткерлерге жыл сайын «Энергетик күні» кәсіби мерекесіне біржолғы материалдық көмек төленеді.

Осылайша, 2017 жылы «KEGOC» АҚ-ның 2,4 мыңнан астам қызметкерлері 178,7 млн.теңге сомасына медициналық сақтандырылды. 2016 жылы Компанияның 95 қызметкеріне зейнетке шығуына байланысты бір айлық қызметақы мөлшерінде материалдық көмек төленді, бұл мақсаттарға 13,7 млн.теңге жұмсалды.

Жеңіс күнін тойлау құрметіне Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен оларға теңдестірілген адамдарға және «Энергетик күні» кәсіби мерекесін тойлау құрметіне «KEGOC» АҚ есебінде тұрған жұмыс істемейтін зейнеткерлерге материалдық көмек көрсетіледі. Осы мақсатта 2017 жылы 946 зейнеткерге 50,3

млн.теңге мөлшерінде материалдық көмек көрсетілді.

Компанияның серпінді дамуы, айтарлықтай өндірістік және қаржылық табыстарға қол жеткізуі 2003 жылы қызметкерлердің кәсіби бірлестігін құруға мүмкіндік берді. Қазақстанның энерготехникалық саласы қызметкерлерінің салалық кәсіби одағы – «Энерготехникалық сала қызметкерлерінің салалық кәсіби одағы» ҚБ (бұдан әрі – Кәсіподақ) – мемлекеттік билік органдарына, жұмыс берушілер мен олардың бірлестіктеріне, саяси ұйымдарға және өз қызметін Қазақстан Республикасының барлық аумағында жүзеге асыратын басқа да қоғамдық ұйымдарға тәуелсіз, бағынбайтын және бақылауында болмайтын дербес ерікті қоғамдық бірлестік.

Ол өндірістік-салалық қағидат бойынша құрылған және тек қана Компания қызметкерлері үшін ғана емес, барлық энергетикалық сала кәсіпорындарының, оқу және жобалау институттарының қызметкерлері, зейнеткерлер және тіпті мердігерлер үшін де ашық. Кәсіподақтың негізгі міндеттерінің бірі бұл оның мүшелерінің еңбек құқықтарын қамтамасыз ету, еңбек қатынастарын реттеу болып табылады. Кәсіподақ сонымен қатар еңбекақы төлеу шарттарына, қызметкерлерді материалдық ынталандыру нысандарына, тәртіптік жазалауға дейін еңбек тәртібін сақтауға әсер етеді. Кәсіподақ еңбек туралы заңнаманы сақтауды бақылауға, кепілдіктер мен өтемақыларды, жеңілдіктер мен т.б. сақтауға және іске асыруға арналған.

«KEGOC» АҚ бірлестік еркіндігін қолдайды және қызметкерлердің ұжымдық шарттарды жасау құқықтарын таниды. 2017 жылғы қазанда «KEGOC» АҚ және оның еңбек ұжымы арасындағы 2016-2020 жылдарға арналған ұжымдық шартына еңбекақы мен оқу демалыстарын төлеу бөлігінде өзгерістер енгізілген. Ұжымдық шарт оған қосылу рәсімін, еңбек тәртібін, соның ішінде қызметкерлердің әлеуметтік демалыс кезіндегі демалыс уақыты, еңбекақы төлеу, еңбек қауіпсіздігі мен қы-

* * «2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 29 қарашадағы № 25-VI заңына сай 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап белгіленген ең аз жалақы мөлшері.

** Жалақының ең аз деңгейі дегеніміз бұл еншілес ұйым «Энергоинформ» АҚ кезекші әкімшісінің қызметақысын білдіреді.

зметкерлердің денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, әлеуметтік кепілдер мен өтемақылар беруді реттеу мәселелерін көздейді, қызметкерлерді қолдау және кадрлық дамыту, медициналық сақтандыру және қызметкерлердің мәдени-көпшілік бос уақыттарын қолдау жөніндегі шаралар нақтыланған. Сонымен қатар Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен оларға теңдестірілген адамдарға және Компанияның есебінде тұрған ардагер-энергетиктерге қатысты мәселелер көрсетілді. **[403-**

4] Ұжымдық шарт жұмыспен қамтылу түріне қарамастан, «KEGOC» АҚ-ның барлық қызметкерлеріне қолданылады. **[102-41]**

«KEGOC» АҚ-ның кадрлық саясатының негізгі көрсет-

кіштерінің бірі бұл «Самұрық-Қазына» АҚ Кадр комитетінің шешімімен мақұлданған Персоналдың қатысуын зерттеуді анықтау әдіснамасына сәйкес ӘБП қызметкерлеріне жүргізілген сауалнама және онлайн-сауалнама нәтижелері бойынша есептелетін персоналдың қатысу индексі және «Самұрық-Қазына» АҚ Кадр комитетінің шешімімен бекітілген әлеуметтік тұрақтылық рейтингін анықтау жөніндегі әдіснамаға сәйкес өндірістік персонал арасында анықталатын әлеуметтік тұрақтылық рейтингі болып табылады. 2017 жылы персоналды қатыстыру индексі 68%-ды (жоспарда 68%-дан төмен емес болған кезде), ал әлеуметтік тұрақтылық рейтинг 88%-ды (жоспарда 65%-дан төмен емес болған кезде) құрады.

Өндірістік қауіпсіздік

«KEGOC» АҚ-ның әлеуметтік құрауышы әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына, соның ішінде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және қызметкердің денсаулығын сақтауға бағытталған. «KEGOC» АҚ Ұзақ мерзімді даму стратегиясымен кәсіби қауіпсіздік жүйесін жетілдіру стратегиялық пайымға қол жеткізу үшін маңызды міндет болып табылады. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне көп көңіл бөлінеді, бұл үшін Директорлар кеңесінің арнайы комитеті құрылған, оның функциялары болып саясаттар мен рәсімдерді әзірлеу, жүйені жетілдіру және өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау табылады. Осылайша, Комитет 2017 жылы «KEGOC» АҚ Еңбекті қорғау жүйесін дамыту тұжырымдамасын қарады, сонымен қатар Еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. Сонымен қатар тиімді іске асыру және бақалауды күшейту үшін, Комитет Жоспарды орындау бойынша ҚНҚ-ны Компанияның басшы және басқарушы қызметкерлерінің ҚНҚ ынталандыру карталарына енгізуді ұсынды.

Компанияда қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, технологиялық операцияларды орындау кезінде жарақаттануды азайту, қызметкерлердің өндірістік және санитарлық-тұрмыстық жағдайларын жақсарту, сондай-ақ зиянды және қолайсыз факторлардың әсерін азайту жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Компанияда Кәсіби қауіпсіздік және денсаулықты қорғау менеджменті жүйесі (КҚДҚМЖ) қызмет атқарады, нәтижелілікті қамтамасыз ету және еңбекті қорғау саласындағы көрсеткіштерді «KEGOC» АҚ БМЖ саласындағы саясатына сәйкес жақсарту, сонымен қатар Компанияның ерекшелігімен байланысты тиісті тәуекелдерді басқару оның мақсаты болып табылады. «KEGOC» АҚ-да қажетті іс-шараларды, сонымен қатар әрбір жұмыс орнында анықталған тәуекелдерді басқару мақсатында оларды орындауға жұмсалатын шығындарды айқындайтын Еңбекті қорғау саласындағы бағдарлама жыл сайын жаса-

лады. 2017 жылы Компанияның барлық жұмыс орындарындағы зиянды және қауіпті өндірістік факторларға бағалау жүргізілді және «KEGOC» АҚ-ның 2017 жылғы маңызды қауіптері мен тәуекелдерін айқындайтын «KEGOC» АҚ-ның 2017 жылға арналған қауіптер мен тәуекелдер тізілімі әзірленді:

- 1000 В дейінгі және одан жоғары электр қондырғыларын пайдалану және жөндеу кезінде электр тогымен зақымдану;
- жүк көтергіш механизмдерін пайдалану және қолдану бойынша жұмыстар кезінде электр тогымен зақымдану;
- жоғарыға өрмелеу жұмыстары және жоғарыда жұмыс істеу кезінде жоғарыдан құлау.

Анықталған қауіптер мен тәуекелдер негізінде аталған тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды көздейтін кәсіби қауіпсіздік және денсаулықты қорғау менеджменті жүйесі бойынша 2017 жылға арналған «KEGOC» АҚ бағдарламасы әзірленген. Еңбек қызметіне байланысты жазатайым жағдайлардың туындауы негізгілердің бірі болып табылатынына байланысты, аталған тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар Компанияның ТБЖ және КҚДҚМЖ шеңберінде әзірленген.

Осылайша, 2017 жылы жұмыс орындарын аттестаттаудың жылдық жоспары және әр жұмыс орнындағы еңбек жағдайларын еңбекті қорғау жөніндегі қағидалар мен нормалардың талаптарына сәйкес келтіру бойынша жылдық жоспар орындалды. ЖЭТ филиалдарының объектілерінде өріс, шу мен діріл кернеулігі өлшенді, қызметкерлердің жұмыс орнындағы денсаулығына әсер ететін өндірістік ортаның зиянды және қауіпті факторлары анықталды, еңбек шарттарын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары іске асырылды, тиісті жеңілдіктер белгіленді.

Қызметкерлердің денсаулық жағдайларын бақылау үшін медициналық тексеру жүргізілді. Қызметкерлер қажетті жеке қорғаныс құралдарымен, соның ішінде электр қорғау құрал-

дарымен, арнайы тамақпен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді.

Жөндеу науқаны кезеңінде барлық ЖЭТ филиалдарында жұмыстарды қауіпсіз ұйымдастыру және жүргізу бойынша семинарлар өткізілді, сонымен қатар жөндеу бригадаларының қорғаныс құралдарымен, аспаптармен, жүкпен, арнайы киіммен жабдықталғанын тексере отырып аттестаттау.

2017 жыл ішінде барлық ЖЭТ филиалдарында техникалық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігін тексеру ұйымдастырылған және өткізілген, тиісінше олардың нәтижелері бойынша сәйкессіздіктерді жою іс-шаралары әзірленген.

Техникалық пайдалану, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша білімді бағалау мақсатында Компанияның қызметкерлерін білікті тексеру жүргізілді, оның нәтижесі бойынша электр қауіпсіздігі бойынша топтар расталды.

«KEGOC» АҚ филиалдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайын бағалау үшін ай сайын Техника қа-


уіпсіздігі күндері өткізілді, олардың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою іс-шаралары әзірленді.

Сенімділік және еңбекті қорғау қызметтерінің (топтарының) электр желілері жұмыстарының сенімділігін арттыру және «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің еңбегін қорғау бойынша жұмыстарын жетілдіру, проблемалық мәселелер бойынша тәжірибемен алмасу мақсатында Компанияның барлық филиалдары мен «Энергоинформ» АҚ-ның осы бағыт бойынша өкілдері қатысқан кеңес өткізілді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «KEGOC» АҚ 2017 жылы қызметкерлер еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым жағдайлардан міндетті түрде сақтандырылды.

Еңбекті қорғауға 2017 жылы нақты шығыстар 377,567 млн. теңгені құрады.

Өндірістік жарақаттар мен қауіптердің түрлері



Бөлімше	Өндірістік жарақат коэффициенті (ӨЖК)	Кәсіби аурулар коэффициенті (КАК)	Жоғалтылған күндер коэффициенті (ЖКК)	Жұмыс орнында болмау коэффициенті (ЖБК)
Ақмола ЖЭТ	0,20	0	0	4649,5
Ақтөбе ЖЭТ	0	0	0	2627,1
Алматы ЖЭТ	0	0	0	5742,1
Шығыс ЖЭТ	0	0	0	6149,5
Батыс ЖЭТ	0	0	0	5709,6
Сарыбай ЖЭТ	0	0	0	3740,2
Солтүстік ЖЭТ	0	0	0	4666,8
Орталық ЖЭТ	0	0	0	5780,1
Оңтүстік ЖЭТ	0	0	0	3091,0
ЖО ҰДО	0	0	0	6776,5
Атқарушы дирекция	0	0	0	5839,2
Барлығы	0,03	0	0	4821,9

(403-2)

Қызметкерлер еңбегінің қауіпсіз жағдайларын бағалау үшін, «KEGOC» АҚ-да Ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес LTIFR коэффициенті қолданылады: Lost Time Injury Frequency Rate (LTIFR) немесе әлемдік тәжірибеде компанияның еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмысының тиімділігінің негізгі индикаторы болып табылатын және Компаниядағы жиынтық өтелген жұмыс уақытына (Work Hours, WH) жатқызылған және 1 млн.адам/сағатқа мөлшерленген жұмыс уақытын жоғалту жағдайларының санын (LTI) көрсететін еңбекке жарамдылықты жоғалтатын жарақаттар жиілігінің коэффициенті. Аталған көрсеткіштің мәні 2017 жылы 0,15 құрады («KEGOC» АҚ Ұзақ мерзімді даму стратегиясы белгілеген 12.53жоспарлы мәнінде).

2017 жылы «Ақмола ЖЭТ» филиалында өліммен аяқталған бір жазатайым жағдай орын алды. 220 кВ ЭЖ қарау кезінде ЭЖ-ге қызмет көрсету жөніндегі электромонітор темір жолдардан өткен кезде қарда жүретін машина жүріп келе жатқан темір жол құраммен соғылысуына жол берді. (403-2)

Жазатайым жағдай туралы ақпарат «KEGOC» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелерінің деңгейінде талданды. ЭЖ-ге қызмет көрсетуші жөндеу персоналына жоспардан тыс нұсқаулықтар мына тақырыптарға жүргізілді:

- «Тексерулер тексерудің бекітілген бағытына қатаң сәйкес орындалсын»;
- «Тапсырма берілген кезде алынған нұсқауларды, мақсатты нұсқаулықтарды нарядтар және өкімдер бойын-

ша жұмыс кезінде қатаң және анық орындау».

«KEGOC» АҚ объектілерінде мердігер компаниялар жұмыс жасаған кезде Компания олардың қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты. Жұмыс орнында жұмыс істеу үшін рұқсат ету алдында мердігер ұйымдардың барлық қызметкерлері кіріспе және алғашқы нұсқаулықтар өткізіледі, сонымен қатар жауапты жұмыс жетекшілеріне электр қондырғылары схемалары бойынша нұсқаулық өткізіледі. Күн сайынғы рұқсат ету кезінде – қауіпсіздік шаралары, Компанияның объектілерінде бар қауіпті және зиянды өндірістік факторлар көрсетілетін мақсатты нұсқаулық өткізіледі. Жұмыс істеп тұрған электр қондырғыларындағы жұмыс үшін іссапарға келген персоналға және құрылыс-монтаждау ұйымдары (ҚМҰ) персоналына нарядты тек бұған осы құқық берілген және объектілерінде жұмыс жүргізілетін құрылымдық бөлімшенің персоналы береді. Егер ҚМЖ өндіру үшін арнайы қоршалған аймақ бөлінген болса, акт-рұқсат ресімделеді, ал өндірістік қауіпсіздік бар немесе туындаған жерде, 1.03-05-2001 ҚР ҚНЖҚ бойынша қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсат беріледі. Жұмысқа рұқсат жұмыс орнында жүргізіледі. Жұмыс орнын дайындау кезінде мынадай техникалық іс-шаралар орындалады: қажетті ажыратулар жүргізіледі, тыйым салынатын плакаттар ілінеді, жерлендіруге тиіс ток жүретін бөліктерде кернеудің жоқтығы тексеріледі, жерлендіру орнатылады, кернеумен қалған ток жүретін бөліктер қоршалады және қоршауларда қауіпсіздік плакаттары ілінеді. Ауысым кезінде ҚС

жедел персоналы іссапарға келген персонал мен ҚМҰ персоналының жұмыс орнын айналып өтіп, тексеріп шығады. (ЕУ18)

Жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді талдау және өндірістік процесте қосымша тәуекелдерді айқындау үшін Компания объектілерінде 2017 жылдан бастап бейнетіркеу құралдары ендірілді, олардың көмегімен жедел және жөндеу персоналының жұмысты орындау барысының бейне түсірілімі жүргізіледі. Анықталған бұзушылықтар бойынша іс-шаралар әзірленді.

Компания қызметкерлерінің өз қауіпсіздігіне жауапкершілігін арттыру үшін персоналға көрсетілген қауіпсіздік қағидаларын бұзу салдарлары туралы бейнероликтер мен слайдтар әзірленген.

«Жол қозғалысы қауіпсіздігін ұйымдастыру бойынша мамандардың біліктілігін арттыру» тақырыбына оқытудан өтіп, сертификат алған қызметкерлер бағдарламалар әзірледі және жүргізушілермен жол жүру ережелері бойынша сабақ өткізіп, сынақтар қабылдады. Жүргізушілерге жол жүру ережелері бойынша техникалық минимумға оқыту курстары өткізілді.

ЖЭТ филиалдарында «KEGOC» АҚ электр монтерлері арасында «Үздік электр монтері» номинациясы бойынша кәсіби шеберлік конкурсы ұйымдастырылды және өткізілді.

2017 жылы Еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді, оған сәйкес:

- Еңбекті қорғау жөніндегі ескерту талондарын қолдану қағидасы әзірленді;
- «KEGOC» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңесі туралы ереже әзірленді;
- ЖЭТ филиалдары директорлары мен қызметкерлеріне қауіпсіз тәртіп мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша корпоративтік оқу өткізілді.

2017 жыл ішінде Компанияның барлық бөлімшелерінде аварияға қарсы және өртке қарсы жаттығулар өткізілді, олардың міндеттері мыналар болып табылады:

- жедел персоналдың авариялардың дамуының алдын алу, оларды жоюды анағұрлым қолайлы тәсілмен қамтамасыз ету қабілеттерін тексеру;
- жедел персоналдың дәрігерге дейінгі көмек көрсету және зақымданған адамды электр тогының әсерінен босату қабілетін тексеру;
- күрделі режимдік жағдайда шектеулі уақыт ішінде басқару міндеттерін шешуге жедел шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруды немесе қалпына келтіруді қамтамасыз ету;
- персоналдың өрт жағдайында тез және дұрыс әрекет ете білу дағдысын тексеру;
- персоналдың өртті жою жөнінде дұрыс шешім қабылдау қабілетін анықтау;

- өрт немесе тұтану кезінде жабдық жұмысындағы ықтимал бұзушылықтардың алдын алу дағдыларын тексеру;
- адамдар мен материалдық құндылықтарды құтқару және эвакуациялауды ұйымдастыру бойынша персоналдың іс-қимылын тексеру;
- «KEGOC» АҚ персоналын мемлекеттік өртке қарсы қызметтің бөлімшелерімен өзара іс-қимыл тәртібі мен қағидаларына үйрету;
- персоналдың жұмысын жетілдіруге, өртке қарсы қорғаныс және жабдықтың жұмысының сенімділігін арттыруға бағытталған қажетті ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды анықтау. (ЕУ21)

Сертификаттау жөніндегі органның (сертификациялық аудит) тексеру қорытындылары бойынша 2017 жылы Компанияның КҚДҚМЖ шеңберінде OHSAS 18001-2007 халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігі расталды.

